

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



**ЗАҢНЫҢ БӘРІ
ӘДІЛЕТТІЛІККЕ СӘЙКЕС
КЕЛЕ БЕРМЕЙДІ**

3-бет

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



**ҰЛЫТАУДА
ӨТКЕН
ҰЛЫ ЖИЫН**

6-7-беттер

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ



**Заря ЖҰМАНОВА
ТАҒДЫРДЫҢ
ТОСЫН СЫЙЫ**

8-бет

Облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы облыс орталығындағы кезек күттіруге болмайтын мәселелермен танысты. Көптен қордаланған жайттардың бірі – Қабанбай елді мекеніндегі аяқсыз қалған үйлер. 2013 жылы «Жезқазған-Бейнеу» теміржол құрылысы жобасы аясында салынған үйлер қаржыландыру болмауына байланысты 2016 жылдан бастап құрылысын тоқтатқан еді. Міне, содан бері 6 жыл өтті. Қараусыз қалған үйлердің сұрқы қашып, елді мекеннің көркін кетіріп тұрғаны рас. Азып-тозған үй ғимараттарын өз көзімен көрген облыс басшысы бұл мәселе бойынша жаңа жоба әзірлеуге тапсырма берді.



ОҢ ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Қабанбай батыр елді мекенінің тұрғындары жаңа мектеп, балабақша қажетін де еске салды. Сондай-ақ мұнда жөні дұрыс балалар ойын алаңының жоқтығына да шағымдарын білдірді. Тұрғындар тілегі ескерусіз қалмайтынын жеткізген Берік Әбдіғалиұлы жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Тұрғындар арасында «бүкір көпір» аталып кеткен теміржол вокзалына апарар көпір маңындағы 4 өтпені де өз көзімен көрген облыс әкімі бұл жобаны да аяқсыз қалдырмауды тапсырды.

Гагарин көшесі, 70/2 мекенжайындағы 28 пәтерлі үй құрылысы да 2014 жылдан бері тоқтап тұр. Саз, батпақта орналасқан үй 90 пайыз дайын болған. Дегенмен, бүгінгі кейіп тым аянышты. Терезелері сынған, бұзақылар үй ішіндегі ток кабелдеріне дейін алып кеткен. Суға толған жерөленің мұңкіген иісі де қолқаны қабады. Алғашында дәрігерлерге арналып салынған үй ұрылардың олжасына айналғандықтан, көпсалалы аурухана басшылығы күзет қою-

ға мәжбүр болған. Үй жобасы Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарайтынын білген Берік Әбдіғалиұлы тез арада жоба құжаттарын Ұлытау облысына ауыстыру жұмыстарын бастау қажетін айтты. Алдағы уақытта үй құрылысы жергілікті бюджеттен емес, «Қазакмыс» корпорациясының демеушілігімен аяқталуы мүмкін. Корпорация басшылығына ұсыныс жіберілетінін айтқан әкім алдағы бірер жылда үй ақ халаттылардың игілігіне берілетінін жеткізді.

Сот үдерістерінің созылып кетуіне байланысты 320 орындық балабақша құрылысы да 2013 жылдан бері тоқтап тұр. Көптен айтылса да, еш нәтиже шықпай келе жатқан балабақша да алдағы жылдары бүлдіршіндерді қабылдай бастауы қажет.

2009 жылдан бері көтергіш сорғы станциясы да жұмысын тоқтатқан. Батыс аудандағы, 91-92 ықшам аудандарындағы тұрғын үйлердегі жылу мәселесі де көптен айтылып жүр. Бекболатсай елді мекеніне газ құбырларын жүр-

гізу жұмыстары басталған. Дегенмен, аудан толықтай көгілдір отынға 2024 жылдан бастап қана қосыла алады. Сол себепті аталған ықшам аудан тұрғындары әлі 1-2 жыл жылу жеткіліксіздігін сезінетін болады. Осы тұста Берік Әбдіғалиұлы газ жүргізуші компания басшылығымен байланыс орнатып, жоба уақытын жеделдетуге әрекет жасайтынын жеткізді.

– Ұлытау облысында жаңа жобалар жүзеге асады. Әйткенмен, бұрыннан бері түйіні шешілмей келе жатқан мәселелерді де елеусіз қалдырмауымыз қажет. Біз өз мәселелерімізді шеше алатын деңгейдеміз. Ұлытау облысының құрылу мақсаты да осы болатын. Әзірге жыл соңына дейін бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істейміз. Келер жылдан бастап жеке облыстық бюджет негізінде жобалар жасалады, – деді газетімізге берген сұхбатында Берік Әбдіғалиұлы.

Ақниет
ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

ОБЛЫС ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕҢ ӘУЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

Ұлытау облысының орталығы – Жезқазған қаласы қалай құрылымдалады. Ең әуелі қандай нысандардың құрылысына басымдықтар берілмек. Осы мәселелер облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлының қатысуымен өткен Жезқазған қаласының Бас жоспарын егжей-тегжейлі талқылаған жиында кеңінен сөз болды.

►► 2-бетте



ПРОБЛЕМАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Құрылғанына үш апта болған Ұлытау облысында ұйымдастыру шараларымен қатар өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне қатысты мәселелер де қызу қаузалып, назарға алынып жатыр. Бұл жұмыстар облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлының тікелей басшылығымен жүргізілуде.



Үстіміздегі аптаның өзінде өңір басшысы өзекті деген мәселелерге қатысты жиындар өткізіп, қанаттас жатқан қос қаланың проблемалық нысандарын аралап, олардың жай-жапсарымен етене танысты.

Өткен аптаның соңында аймақ басшысы облыстың аграрларымен кездесіп, ауыл шаруашылығы саласын дамытуда қордаланып қалған мәселелер мен оларды шешу жөнінде кеңескен еді. Осы жиында ауыл шаруашылығы өкілдері өңірде ветеринарлық зертхананың жайын егжей-тегжейлі баяндаған болатын. Аптаның басында облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы Жезқазған қаласында орналасқан аталмыш зертхананың Жезқазған өңірлік филиалы ғимаратына арнайы барды. Сала мамандарының айтуынша, құрылыс жұмысы аяқсыз қалған бұл нысанды пайдалануға беруге санитарлық талаптарға байланысты бірқатар кедергілер қолбайлау болып отыр.

Ғимараттың жай-күйімен танысқан өңір басшысы жауапты тұлғаларға мәселені шешу жолдарын қарастырып, ұсыныстар енгізуді тапсырды. Орайы келгенде айта кетейік, Жезқазған қалалық ветеринариялық станциясының да аймақтың ауыл шаруашылығы үшін маңызы зор. Осыған дейін Қарағанды облысының ветеринария басқармасына қараған станция енді Ұлытау облысының тиісті басқармасына бағынышты болады. Берік Әбдіғалиұлы ұйымдастыру жұмыстары кезінде станцияның материалдық-техникалық базасына мән беруді қатаң тапсырды.

►► 2-бетте

ХАЛЫҚТЫҢ ҚУАНЫШЫ ТОЙҒА ҰЛАСТЫ

Биылғы 8 маусым Ұлытау облысының туған күні! Ширек ғасыр күттірген қуаныш облыс халқының қойны – қуанышына сыймай асып төгілді. Аудан азып, қала тозып кеудесінде шықпаған жаны ғана қалған аймақтың болашағына аса алаңдаулы жұрт бір-бірінен жарыса сүйінші сұрасты. Соңы ұлан-асыр тойға ұласты.



Мамыр айының соңғы күндері ұзын аққан Сарысудың бойын дүбірге толтырған той болып еді. Енді, міне, көшпенділердің көшесіз астанасы, қасиетті қарт Ұлытаудың баурайында үр жаңа облыстың құрметіне «Ұлт ұясы – Ұлытау» атымен, мыңды айдаған байдың жалғыз ұлы үйленгендей сән-салтанаты жарасқан, атағы Алатаудан әрі асқан үлкен той болып өтті. Ең бастысы бұл той да бюджетке немесе басшыларға көзін сүзіп, алақанын жаймай халықтың бастамасы әрі қаржыландыруымен өткізілді. Нақтылай түссек, тойдың авторы облыспен аттас Ұлытау ауданының орталығында 1971-1998 жылдар аралығында мектеп бітірген тұлғалар. Тойдың қорына он миллионнан астам ақша жинап, отыздан аса ақшақай үйлер тіккен де, күрес, ат жарысы, аударыспақ, желке тартыс, қошқар көтеру, арқан тартыс сынды ұлттық спорт түрінен сайыстар өткізгендер де осы азаматтар. Тойдың жоғары дәрежеде асқан ұйымшылдықпен атқарылғаны берекелі істерінен, ортақ мақсатқа ұыздай ұйып білген намыскойлықтарынан деп білемін.

Бүгінде түрлі кәсіп иесі болып жүрген ұлытаулық жастар анып қалған жоқ. Қолындағысын ұыстап, қорадағысын қосақтап берді. Осыған дейін аты шықпаған талай атымтай жомарт жарқ етіп көзге түсіп, алғыс арқалап, атаққа иіліңді. Ірілігі білінді! Тойдан бір апта бұрын облыс әкімі болып Ұлытау топырағынан жаратылған, екі мәрте Ұлытау ауданы әкімі де болған Берік Әбдіғалиұлының тағайындалғаны да ел азаматтарының рухын асқақтата түскен сияқты. Міне, осы сәтті сәйкестіктердің нәтижесінде « Ұлт ұясы – Ұлытау» атымен ұйымдастырылған Ұлытау облысының ең бірінші көлемді әрі салтанатты шарасы елдің есінде қалатындай деңгейде дүркіреп өтті. Атағы алысқа жетті. Халықтың өз бастамасымен, қалауымен қолға алынған істің жеңіске ғана жеткізілетінін дәлелдей кетті. Той барысындағы сайыстар мен жарыстарда айқасып алып, жарысып жүйрік атанғандар жайлы деректерді газеттің 12 бетінде толық беріп отырмыз.

Әнуар ОМАР.

ОБЛЫС ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БАҒАҒА ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

Соңғы кездері басқа шауып, төске өрлеген баға бұзауға да бой бермеуде. Әсіресе қанттың тапшылығы елдің берекесін кетіре бастады. Аймағмыздағы сауда орындарында «қант үшін қақпайласып» жатқан бейнероликтер әлеуметтік желілерде көптен көрініс беруде.



Осындай келенсіздіктердің алдын алып, бағаны тұрақтандыру және, осы тұрғыдағы қордаланған мәселелерді шешу мақсатында облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы сала басшыларымен кеңес өткізді. Жиында Жезқазған қаласының сауда орындарындағы қант пен ұн бағасы және туындаған қиындықтарды шешу жолдары пысықталды. Кеңесте жауапты сала мамандары инфляциялық процестерді тежеу және азық-түлік өнімдеріне бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында бірқатар жедел іс-шаралар қабылданғанын жеткізді. Олардың айтуынша, бүгінгі күні Жезқазған қаласы бойынша қанттың 1 келісінің орташа бағасы – 498 теңге болып тұр. 10 маусымда тұрақтандыру қорынан Жезқазған қаласына 80 тонна қант жеткізіліпті.

Орайы келгенде айта кетейік, бүгінгі таңда қаламыздағы сауда нүктелерінде азық-түлік қоры апта сайын жаңартылууда. Бірінші сұрыпты нанның бағасын тұрақтандыру және өсірмеу мақсатында «Ақжайық» ЖШС-нен «Ұлытау Нан» ЖШС-ге келісі 120 теңге бағамен ұн жеткізу жұмыстары ұйымдастырылуда. Жыл басынан бері 544 тонна ұн жеткізілген. Мұның сыртында «Ұлытау Нан» ЖШС-мен бірінші сұрыпты нанның көтерме бағасын 85 теңгеден асырмау бойынша Меморандумға қол қойылған. Жиын барысында аймақ басшысы облыстың басқа қала, аудандарының басшыларына бағаны бақылауда ұстап, туындаған қиындықтарды жедел реттеу жөнінде тапсырмалар берді.

МТ

ЕҢ ӘУЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

(Соңы. Басы 1-бетте). Ұлытау облысы құрылып, Жезқазған қаласы облыс орталығы ретінде белгіленген соң қалада орталық жергілікті мемлекеттік органдарға арналған әкімшілік ғимараттар, әлеуметтік нысандар салынады. «Қазақмыс» корпорациясының басшылығы да облыс орталығында көп пәтерлі тұрғын үй салуға ниетті. Мемлекеттік органдарға арнап салынатын әкімшілік ғимараттар туралы сөз болғанда аймақ басшысы Ұлытау облысы әкімдігі үшін жаңа ғимарат салу мәселесі қарастырылмағанын қадап айтты. – Күн тәртібінде ондай мәселе жоқ. Жақын уақытта Ұлытау облысының әкімдігіне жаңа ғимарат салынбайды. Біздің негізгі міндет – ең алдымен әлеуметтік нысандар салу. Сондықтан да қала халқына ыңғайлы орта қалып-

тастыруға күш саламыз. Сонымен қатар, облыс орталығына қоныс тебетін орталық мемлекеттік органдардың бөлімшелерін оңтайлы орналастыруымыз керек. Жаңа нысандарды барынша бюджеттен тыс қаражат көзінен салу жолдарын қарастырамыз, – деді Берік Әбдіғалиұлы. Облыс басшысы салалық бөлімдерінің басшыларымен өткен жиынында жаңа нысандар үшін жер телімін белгілеу кезінде қала келбетімен қатар коммуникациялық желілердің жүктемесі, тұрғындардың қатынауына қолайлылығы сынды мәселелерге де ерекше мән беруді тапсырды. Өңір басшысы жиынан соң қаланы аралап, екі қабатты ескі үйлердің жай-күйімен де танысып, бұл үйлердің орнына заманауи үлгідегі қолайлы үйлер салу үшін инвесторлар тарту керектігіне назар аударды.

МТ

ПРОБЛЕМАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

(Соңы. басы 1-бетте). Бұдан соң облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы мен облыстық мәслихат хатшысы Бауыржан Шыңғысов бастаған топ Сәтбаев қаласына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылысы, жөндеу жұмыстарымен танысты. Аймақ басшысы атбасын тіреген алғашқы нысан – Сәтбаев қаласының орталық ауруханасы болды. Қазір мұнда күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Медициналық мекеменің жаңғырту жұмысының барысымен танысқан Берік Әбдіғалиұлы осы іспен айналысып жатқан мердігер компания өкіліне облыстардың бөлінуі кезінде бюджеттік ауыс-түйістер болатынын, осы тұстарда жұмысты тоқтатауды тапсырып, атқарылған жұмыстар үшін қаражат толық төленетінін жеткізді. Одан кейін облыс басшысы Сәтбаев қаласы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спорттық-сауықтыру кешенінде болып, футбол алаңы, мұз айдыны және жүзу бассейнінің жағдайымен танысты.

Берік Әбдіғалиұлы сонымен қатар, құрылысы созылып кеткен 320 орындық жаңа балабақша мен Оқушылар сарайының құрылысы алаңына да барды. Кеншілер қаласы әкімі Асқар Ыдырысовтың мәлімдеуінше, қаржы мәселесі оң шешілсе, балабақша құрылысы биыл толық аяқталады. Ал, Оқушылар сарайының құрылысына қатысты сот даулары аяқталды. Енді жобалық құжаттар нақтыланып, жұмысты жаңа мердігер жалғастырады. Өңір басшысы сондай-ақ Сәтбаев қаласындағы облыстық фтизиопульмонология орталығының бөлімшесіне де соқты. Қазір аурухана ғимараты науқастардың болмауына байланысты бос тұр. Алдағы уақытта ғимаратты ұтымды пайдаланудың жолдары қарастырылып жатыр. **Ізбасар ОЙБАС. Материалдар Ұлытау облысы әкімдігінің баспасөз қызметі жариялаған ақпараттар негізінде әзірленді.**

МТ

ДӘРІГЕРЛЕР ҚАНДАЙ МАРАПАТҚА ДА ЛАЙЫҚ

Алдына жәрдем сұрай келген науқастың тән дертін емдеумен қоса, жанына да жылы шуағын сыйлайтын мамандық иелері қашан да ең жоғары құрметке ие. Ақ халаттылардың еңбегі қоғам үшін қаншалықты маңызды екеніне әлемді жайлаған індет тағы бір көзімізді жеткізгендей болды. Коронавирус басталған 2020 жылдың басынан 2021 жылдың жазына дейін 200-ден аса дәрігер көз жұмды. Халық денсаулығы үшін өлім мен өмір майданының алдыңғы шебінде жүрген қаһарман кәсіп иелерінің кәсіби мерекесі мысты шаһар дәрігерлерін де ыстық ілтипатқа бөледі.



Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен медицина саласының қызметкерлеріне арналған мерекелік концерт ақ пен кара айқасы – дәрігерлер мен індет арасындағы күресті сипаттайтын «Вирус-апат» хореографиялық композициясымен басталды. Алғашқы құттықтау сөз кезегі қала әкімі Қайрат Әбсәттаровқа берілді. Сала мамандарына жүрекжарды лебізі мен алғысын білдірген қала басшысы Денсаулық сақтау саласындағы ұзақ жылғы еңбегі мен ғылыми-тәжірибелік жемісті еңбегі үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медалін Гайнижамал Әбішеваға, ал ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісін Күлзипа Көшімбаеваға табыс етті. Одан әрі бір топ білікті сала мамандары «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін, Жезқазған қаласы мен Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамо-

тасымен, «Кәсіби жетістіктері үшін» төсбелгісімен марапатталды. Жылдағы дәстүрге сай кәсіби мерекеді жезқазғандық денсаулық сақтау саласының дамуына атсалысып жүрген майталман мамандар қала әкімінің сыйлығын иеленеді. Биыл да аталған үрдіс жалғасын тапты. Сонымен биыл «Үздік педиатр» номинациясын «Балалар үйі» коммуналдық мекемесінің педиатр-дәрігері Роза Қошанова иеленді. «Денсаулық сақтау саласының үздік ұйымдастырушысы» атағы Жезқазған аймақтық психологиялық орталығының жетекшісі Сергей Тәға бұйырды. «Үздік терапевт» Жезқазған көпбейінді ауруханасының терапия бөлімшесінің меңгерушісі Бақыт Айтбаева атанса, «Үздік хирург» медициналық орталықтың уролог-дәрігері Нұржан Қашенов болды. «Үздік акушер-гинеколог номинациясын Жезқазған көпбейінді ауруханасының акушер-гинекологы Жадыра

Танқауова, «Мамандыққа адалдық» аталымын генетик-дәрігер Сара Оспанова, «Жалпы практиканың үздік дәрігерін «Жезденсаулық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы практика дәрігері Мейрамбек Әбілов иеленді. «Білім беру саласындағы үздік медициналық қызметкері» Жезқазған жоғары медициналық колледжінің «Медицина ісінің негіздері» пәнінің оқытушысы Зауамірхан Жұмабаева атанды. «Үздік санитарлық дәрігер» номинациясымен Жезқазған қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мемлекеттік басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Қыдыкенова марапатталды. «Үздік орта буын медициналық қызметкері» аталымына облыстық жедел медициналық көмек станциясының аға фельдшері Бағиға Байшоқенова лайық деп танылды. 10 номинация иегерінің әрқайсысына 100000 теңгелік сертификаттар табысталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. МТ

БАЯҒЫ ЖАРТАС БІР ЖАРТАС

Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Ұлытау ауданы тұрғындарын көптен бері алаңдатып жүрген мәселелердің бірі – өңірдің экологиялық ахуалы. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының қолдауымен Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 4 наурыздағы № 69-Ө бұйрығымен Байқоңыр ғарыш айлағы қызметінің әсері тұрғысынан Жезқазған-Ұлытау өңірінде онкологиялық аурулардың өсу себептерін зерделеу жөнінде арнайы ведомстваралық комиссия құрылып, сараптама жұмыстарын жүргізген болатын. Аталған комиссия құрамында тиісті мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар және қоғам белсенділері бар. Қалалық «Аманат» патриархатының ғимаратында осы мәселе бойынша ведомстваралық комиссияның қорытынды есебі болды.

Іс-шараны Ұлытау облыстық мәслихатының хатшысы Бауыржан Шыңғысов ашып жүрізді. Алдымен сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, аталмыш комиссия төрағасы Зүлфия Сүлейменоваға берілді. Қазіргі уақытта онко аурулардың өршіп тұрғанын тілге тиек еткен ол мамыр айында су, топырақ және ауадан алынған сынамалардың нәтижесі бүгін толық баяндалатынын айтып, алайда шешімін табу үшін әлі де зерттеу жұмыстарын жүргізу керек екенін жеткізді. Сынамаларды алу барысында жергілікті тұрғындардың да болуын сұраған олардың бұл сұраныстары қанағаттандырылды ма, жоқ па белгісіз. Сондай-ақ, осы мәселеге байланысты республикалық бюджеттен қаржы қарастыру мақсатында құжаттар дайындық үстінде. Бұдан кейін Байқоңыр ғарыш айлағы қызметінің әсері тұрғысынан



Жезқазған-Ұлытау өңірінде онкологиялық аурулардың өсу себептерін зерделеу бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық саясат және тұрақты даму департаментінің директоры Ақжан Ширанов баяндама жасады. Қазақшасы енді ғана тілі шыққан баланың тіліндей түсініксіз басталған Ақжан мырза ежелеп-ежелеп тілі бұратылғасын еш-

кімнің рұқсатынсыз-ақ, орыс тілінде дайындалған баяндамасын мәнерлеп оқуға көшті. Түсінбесек те түсініп баққанымыз сынамалардың нәтижесі бойынша ауада да, басқада да айтарлықтай ластану жоқ. Өз кезегінде сөз алған Алматы қаласындағы «Инфракос» РМҚ филиалы директорының міндетін атқарушы Абдхамид Сермағанбетов, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Қарағанды медицина университеті» проректоры Анар Тұрмұхамбетова баяндама жасап, бірқатар статистикалық мәліметтер келтіріп өтті. Олардың сөзіне сенсек, Қарақөңір су қоймасының ластануына жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының кесірі тиіп отырса, қатерлі ісіктің осыныша өршіп тұрғанына дер кезінде медициналық тексерістен өтпей жүрген өзміз ғана кінәлі екенбіз мыс... Есепті тыңдауға жиналған қала тұрғындары мен ақсақалдар тарапынан қатысушыларға сұрақтар қойылды. Олардың дені есептің қорытындысы көңілдерінен шықпағанын жеткізіп, бұдан бұрында өкілдеріміз баяндамалардың сәл ғана өзгертіліп бүгінгі жиында қайталанғанына реніштерін де жасырмады. Көтерілген мәселе адамның денсаулығына сондай-ақ, болашағымызға тікелей қатысты болса да, қағаз жүзінде ғана алдын ала дайындалған есеппен халықты алдағысы келетіндер жоқ емес. Осы мәселеге келгенде де «баяғы жартас бір жартас» екеніне тағы да көзіміз жетті. Сөз басында комиссия төрағасы Зүлфия Болатқызы алдағы уақытта тағы да сынамалар алынып, терең зерттеу жұмыстары жүргізілгенін, бұл мәселе бей-жай қалмайтынын жеткізген еді. «Аманаттың» ғимаратынан үміттері ақталмай, сұрақ қойып, ұсыныс жасап орындалысын талап еткеніне жаманатын болған тұрғындардың енді сол ертеңнен үміт күтпеске амалы жоқ.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ. МТ



24 МАУСЫМ – СУДЬЯ және СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Жұбаныш МАСЕНОВ, ардагер судья:

ЗАҢНЫҢ БӘРІ ӘДІЛЕТТІЛІККЕ СӘЙКЕС КЕЛЕ БЕРМЕЙДІ



– Жаңа облыс құтты болсын, ага! Не күтесіз?

– Рақмет, айналайын! Облысымыздың қайта құрылуы қаншама жерлеріміздің көкейінде жүрген арманы болатын, соның орындалғанына өте қуаныштымын. Бірақ, кейде мынандай ой да қылаң беретіні жасырын емес. Құрылып, қалыптасып, дамып жатқан облысты жауып, күйін қашырудың қанша қажеті бар еді?! Қаншама дүрлідеп тұрған аудан, қалалар тұралап, еңсесін енді тіктеуі қиын күйге келді. Соның бәрін көріп отырып қарным ашады. Сол кезде сондай шешім қабылдағандардың бір білгені болар... Алайда, түңіле бергенді хош көрмеймін. Мен, жалпы оптимист адаммын. Әрдайым жақсылыққа сенемін. Елдің болашағының да жарқын болатынын, оның өркендеп-дамитынын білемін. Сондықтан жаңа облыстан да тек жақсылық, жаңашылдық күтемін. Ауызды ку шоппен сүрте беруге болмайды. Шүкір, бүгін ілгерілеу барын айту керек. Өткенмен салыстырғанда елдің де дамып жатқанын, халықтың да жағдайы жақсарғанын мойындауымыз керек.

– Облыс болған соң, оның құрылымы да өзге болатыны анық. Сіздің ойыңызша, сот саласында қандай өзгерістер орын алады?

– Жаңа облыстың құрылуымен бес сот жасқалады дегенді құлағымыз шалып жатыр. Анық-қанығын уақыт көрсетер. Жасакталсын меілі, бірақ саннан бөлек, сапаға да мән берілуі керек. Көріңе қарап көсілу керек қой былайша айтқанда. Кезінде Жезқазған облыс болған тұста мұндағы халық саны 120 мың болған еді. Сонда осындағы қаншама мекеме, ұйым, кәсіпорындардың, жекелеген адамдардың ісін 4 судья ғана қарайтынбыз. Ол кезде бәрі қолмен жазылатын, жүктеме де жоғары еді. Ал, бүгін ше? Бәрі компьютердің көмегімен жасалады. Облыстың география да өзгерген. Сондықтан меілінше ұтымды жасакталса, құба-құп емес пе?!
– Жалпы, сот жүйесінде әуелігііні жеткізген реформаларға көңіліңіз тола ма?

– Реформа бар, бірақ көңілге бәрі қона береді деуге келмес. Осыдан біршама жыл бұрын үш сатылы сот болды. Мысалы, әуелі іс Жезқазғанда қаралады, одан кейін облыстық сотқа жолданады. Ол жерде кассациялық және қадағалаушы

Жоғарғы Сот еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жоба дайындап, Үкіметке жолдаған болатын. Нәтижесінде Үкімет басшысының 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен «24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні» деп белгіленді. Жоғарғы Соттың түсіндірме хатында айтылғандай, 24 маусымды кәсіби мереке деп белгілеу кездейсоқтық емес. 1992 жылы дәл осы күні Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға тек соттың сот төрелігін жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар, онда республика соттары ретінде: «Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар (облыстық, қалалық, аудандық), сонымен бірге Әскери соттар» көрсетілген. Аталмыш қаулыда «Судья және сот қызметкерлері күні» конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет ретінде ұсынылғаны ерекше атап өтілген. Еліміздің судьялар қауымдастығы, сот қызметкерлері, доғарыстағы судьялар, сот саласының ардагерлері отыз жыл бойы күткен төл мерекесін, міне, бірінші рет 24 маусымда атап өтеді. Біз де өз тарапымыздан аталмыш кәсіби мерекеге орай ардагер судья, сот жүйесінің Құрметті қызметкері Жұбаныш МАСЕНОВКЕ хабарласып, сыр-сұхбат өрбіткен едік.

ӨМІР ДЕРЕКТЕРІ:

Жұбаныш Төлегенұлы МАСЕНОВ – ардагер судья, сот жүйесінің Құрметті қызметкері. Ұлытау ауданының тумасы, Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің түлегі. Әкесі Төлеген мен анасы Күләннің жалғыз, қарапайым отбасынан шыққан.

● 1974-1975 жылдары Ақсу-Аюлы прокуратурасында тергеуші;

● 1975-1980 жылдары Жезқазған қалалық прокуратурасында тергеуші;

● 1982-2002 жылдары Жезқазған облыстық сотында, Жезқазған, Сәтбаев қалалық соттарында судья, сот төрағасы қызметтерін атқарған.

● 2002-2015 жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Жезқазған қалалық сотында судья болды.

сатыдан өтеді. Кассацияда облыстық соттың үш судьясы қарайды, онымен келіспесе, қадағалаушы сатыға жіберіледі, онда президент мүшелері қарайды. Қазір қадағалаушы саты деген облыстық сотта жоқ. Жезқазғанда қаралады, көңілі толмаса апелляциялық сотқа жолданады. Ол қарағаннан кейін шешім күшіне енді деп есептеледі. Онымен келіспесе, алты айдың ішінде жоғарғы сотқа шағымдануға болады. Енді осы жерде кілтпан бар. Ұмытпасам, ең алғашқы кезде солай болды да. Келіспеді ме, жоғарғы сотқа жүгінді. Олар қарайды. Сол кезде жоғары соттағы жүктеменің көрінуе көбеюіне байланысты «бұлай жұмыс істеу мүмкін емес» деп шағымданып жүріп, көлденең «кедергі» кіргізді, яғни, жоғарғы сотқа қарауға негіз бар-жоғын анықтау үшін істі бір судья қарайды. Нәтижесінде іс қарау жүктемесі жеңілдеп-ақ қалғандай. Осы тәртіпке келісе алмайтындығымыз айтқым келеді. Сондықтан алысқа бармай-ақ, өркеніетті елдердің тәжірибесіне сүйенсек, даңғыл жолдың ізі сайрап жатыр деп есептеймін.

– Бүгінде бұқараның сотқа сенімі қалай? Қоғамда әділет іздеп шарқ ұрандар қаншама, бұл нені көрсетеді?

– Процессуалдық заң деген бар. Кеңес үкіметі кезінде шешім, үкім шығарғанда әділеттілік деген бірінші орында тұратын. Қазір әділеттілік деген сөз процессуалдық заңға жоқ. Шешім заңды болуы керек дейді. Ал, заңның бәрі әділеттілікке сәйкес келе бермейді. Егер заңдылық пен әділеттілік екеуі бір жерден табылатын болса, онда сөз басқа.

– Ғұмырыңыздың денін сот саласына арнадыңыз. Қаншалықты ақ сөйледіңіз, ага?

– Бар мүмкіндігімше ақ сөйледім.

– Бұра тартқан кездеріңіз болды ма?

– Бір адамның өзі жақсы, бір адамның көзі жақсы. Мысалы, қылмыстық заңды алайық. Онда бұзақылық туралы 6 айдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі делік. Тағайындалған жазаны шартты деп есептеуге болатын басқа да баптары бар. Барлық заң негізінен солай, «мынаған жетіледі» деген заң жоқ. Осы заңның аясында соталық істегендіктен, мен еш уақытта бұрған емеспін.

– Ар жазасы мазалайтын кездер бола ма?

– Жоқ. Мен ешқашан заңды белден басқан емеспін. Заң аясында қызмет еткендіктен, ар алдында шалыс кеткен тұстарым жоқ деп есептеймін.

– Жеке басыңызға қоқан-лоққы жасалған сәттер орын алды ма?

– Болды. Ондармаймыз, өлтіреміз дегендері де кездесті. Бірақ менің жасымнан өзіндік пікірім қалыптасқан, біртөкпейлік де бар. Біреу сөйтіп екен деп позициямнан айнып, я болмаса орта жолдан қайтқан емеспін. Мен бір анадан жалғызбын, жалғыз қасқырша күй кешкендеймін.

– Жалғыздың досы болмайды деп жатады. Не ойысыз?

– Аллаға шүкір, қуанышымда да, қайғымда да жанымнан табылып жүрген достарым бар. «Жалғыздың досы болмайды» дегеннен гөрі, «жалғыздың досы аз болады» деген ұғыммен келіскен дұрыс-ау. Өмірдің сан тарауында адалдығымен, жанашырлығымен ескелген адамдар күні бүгінге дейін жанымда.

– Сізге пара ұсынды ма?

Ұсынды, қызмет барысында болды. Бірақ бәрінің бетін бірден қайтарып тастайтынмын. «Сіз мені аш-жаланап жүр деп естідіңіз бе?» деген бәріне бірдей жауабым болатын. Біреу арқылы келсе де, бәріне солай дейтінмін. Заңмен шешеміз, негіз болса, заңның жеңілдігі болса қолданамыз деп ашығын айтатынмын. Бәйбішемді «егер ертен бірденеңе ұшырасам, бізге қол ұшын беретін ешкім болмайды» деп қорқытып қоятынмын. Ол кісі қазір бақилық.

– Еселі еңбек лайықты құрметтелді ме?

– Мақтау-марапаттың, қолдау-қолпаптаудың да қызметте жігерленуіңе қажет шығар. Бірақ менің миссиям таңдаған мамандығымға адалдық танытып, нәпақамды маңдай термен айыру ғана болды. Сот жүйесінің біршама марапаты бар. Бірақ, халықтың алғысына жететін ештеңе жоқ қой.

– Күні кеше референдум, одан кейін құрылтай өтті. Азаматтық көзқарасыңыз?

– Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған өзгерістердің барлығы ойдағыдай болып, дамудың даңғыл жолына бастасын деймін. Референдум да

соның бір айқын көрінісі. Ертеңгі күні конституциялық сот құрылатын болса, заңдардың конституцияға сәйкестігі ескелер-ақ. Ал, құрылтайға келетін болсақ, бұл жерде бұрыннан қаузалып келе жатқан мәселелер көрініс тапты. Бағдарламалық сипатта ештеңе ұсынылды деп ойламаймын.

– Меніңізінде не бар?

– Меншігімде өзімнің жоспарыммен бой көтерген төрт бөлмелі үйім бар. Кезінде мемлекет берген 3 бөлмелі үйді сатып, осы үйдің құрылысына жұмсадым қаржысын. Кейіннен жанымнан тағы кішігірім жер алып, балаларымның еншісіне бердім.

– Перзенттеріңіздің ішінде жолыңызды қуғаны бар ма?

– Жоқ. Кейде «тым болмаса біреуінің жолымды қуып, өзім баптап, өмірден жол тауып кетуіне септеспедім-ау» деген ойдың да қылаң беретінін жасырмаймын. Бірақ, сот саласының қазанында қайнап, ыстық-суығын бір адамдай көргендіктен, балаларымның бұл жолға түскенін қаламадым. Екі ұл, қызым бар. Барлығы да басқа салада. Бүгінде таңдаған мамандықтары бойынша еселі еңбек етіп жүр.

– Осы салаға бой ұрған жастара айттарыңыз?

– Жақсы судья болу үшін біліммен қатар тәжірибе керек. Мінезді, шыншыл болу қажет деп жатады. Мен айтар едім, өмірдегі әр жағдайда ең бірінші кезекте алдына келіп отырған адамның орнына өзінді қоя білу керек. Сонда жүйкеңнен, жүрегіңнен өткен дүние сені ешқашан адастырмайды.

– Бүгін тұңғыш рет судья және сот қызметкерлері күні атап өтіледі. Құтты болсын! Тілегіңіз...

– Рақмет! Бүгін біздің кәсіби мерекеміз тұңғыш рет атап өтілейін деп отыр. Барлық салада бар мереке неге бізде жоқ деген заңды сауал туындайтын. Міне, бұл күнге де жеттік. Барлық әріптестерімді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл күн ар алдындағы жауапкершіліңді еселей түсетін мейрам деп есептеймін. Әр отбасына бақыт, қызмет жолында абырой биігінен көрінісін деп тілеймін.

– Емен-жарқын әңгімеңізге алғыс айтамын!

Сұхбаттасқан Меруерт НАУРЫЗБАЙ.

РЕСМИ

Берік Әбдіғалиұлы Қаражал қаласы мен Жәйрем кентіне жұмыс сапарымен барды. Облыс құрамына кірген қазыналы өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқан аймақ басшысы бірқатар нысандарды аралап, өндірістің ырғағы, құрылыс жұмыстарының сапасымен жан-жақты танысып, жауапты сала басшыларына қадау-қадау міндеттер жүктетті.

ӨНІРДЕГІ ІРГЕЛІ ӨНДІРІС ОШАҒЫ

Облыс әкімі өзінің жұмыс сапарында Қаражал-Жәйрем өңірінің тіршілігіне тірек болып, елді жұмыспен қамтып, қаланың әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне ықпалын тигізіп отырған «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамына арнайы атбасын бұрды.

Өндіріс ошағы бұл іргелі өндіріс ошағы 2016-2021 жылдар аралығында қайыра жаңғыртылудан өткен еді. Осылайша ол жаңа өнім түрлерін өндіруге, өндіріс өнімінің көлемін арттыруға бейімделді. Бұл инвестициялық жобаның 160 миллиард теңге құйылған болатын. Өндірістің жобалық қуаты жылына 5 миллион тонна полиметалл кендерін өңдеу. Сондай-ақ, 72 мың тоннаға дейін қорғасын, 308 мың тоннаға дейін мырыш концентратын шығарады.

Өндіріс ошағын жаңғырту барысында әуелі кенді ірі, орта және майдалап ұнтақтайтын ұнтақтау цехы, екінші кезеңде флотация цехы құрылымдалып, жаңа, заманауи құралдармен жабдықталды.

Өңір басшысы осы өндіріс ошағында болып, оның жұмысымен, жұмысшыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдаулармен танысты. Қаланың әлеуметтік әлеуетін көтеруге қатысты да жұмыстардың жай-жапсарына назар аударды. Әрине, өңірдің, жалпы облыстың тыныс-тіршілігіне оң ықпалын тигізетін өндірістің келешегі, алдағы жұмыс жоспарлары жайлы да сұрап біліп, тиісінше тапсырмалар да жүктетті.

САПАЛЫ АУЫЗ СУ – ХАЛЫҚ МҰҚТАЖЫ

Өңірімізде сапалы ауыз су тапшылығы басты мәселе болып отыр. Оны облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы кеше өңірімізге келген Мемлекет басшысының алдында да көтерді. Қаражал-Жәйрем өңіріне сапар барысында да аймақ басшысы осы ауыз суға қатысты жұмыстарды өз көзімен көріп, құрылыс жұмыстарымен етене танысып отыр.

Орайы келгенде айта кетейік, Қаражал қаласы мен Жәйрем кентіндегі тұрғындарға ауыз су Ащылы және Тұз-

көл кен орындарының жер асты суынан тартылады. Алайда су құбырлары тым ескі, бұл негізгі проблема. Міне, осы мәселені шешу үшін Жәйрем кентіндегі №3 және Тұздықөл су көзіне қойылған №2 сусорғы станциялары арасындағы 15 шақырымдық құбырлар 315 миллиметрлік құбырлармен алмастырылып, осы аралықтағы 16 құдық жөндеген. Құбырлар толықтай залалсыздандырылып, қазір Жәйрем кентіндегі №3 станцияға су беріп тұр. Бүгінгі күні кентте тұрғындарды сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз ету үшін әрқайсы 1400 текше метр су жинайтын 2 резервуардың құрылысы жүруде.

Сол сияқты Жәйрем кентіндегі №3 сусорғы станциясынан Қаражал қаласындағы №3 сусорғы станциясына дейінгі 58 шақырымдық құрайтын құбырлар да ауыстырылған. 61 құдық жөнделіп, іске қосылды. Негізі бұл су тарту құбыры 2018 жылы пайдалануға берілген.

Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етуде Тұздықөл су көзінен 41 ұнғыма қазылып, бәрі іске қосылған. Олар қажетті электр қуатымен қамтамасыз

етілген. Осылайша өңірде ауыз су мәселесі шешімін тауып отыр.

Өңір басшысы осы жұмыстармен танысып, түйінді мәселелер мен оны оңтайлы шешу жолдарын кенесті.

ҚАРАЖАЛДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Қаражал-Жәйрем өңіріне сапары барысында облыс әкімі Қаражал қаласында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен де танысты. Мұндағы ірі құрылыс алаңдарының бірі – жабық жүзу бассейні нысаны. Оның жалпы көлемі – 1081,85 шаршы метр. Жобалық құны – 701537,594 мың теңге. Нысанның құрылысы биылғы жылғы мамыр айында басталды. 2023 жылдың желтоқсанында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Құрылыс жұмыстарымен «Балқаш Жібек Жолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналысуда.

Қалада құрылыс жұмысы қызып жатқан нысанның тағы бірі – №1 орта мектеп. 1962 жылы салынып, пайдалануға берілген бұл білім беру ошағының жалпы көлемі – 3200 шаршы метр, 350

оқушыға арналған. Қазір мұнда 1-11 сынып аралығындағы 467 бала білім аласа, шағын орталықта 3 жасқа дейінгі 25 бала тәрбиеленіп жатыр. Мектепте 48 мұғалім жұмыс істейді. Олардың 11-і жоғары санатты ұстаздар.

Облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы осы нысандарды аралап, құрылыс жұмысының барысымен танысты. Мердігер компанияның басшыларына жұмыс кестесінен ауытқымауды тапсырды. Және қазіргі облыстар арасындағы ауыстырылу жұмыстары кезінде болатын ықтимал қаржылық кешегілеуге алаңдамауларын, қаржының сметаға сәйкес төленетінін жеткізді. Әрине, құрылыс жұмыстарының сапасына баса назар аударуды да тапсырды.

Жұмыс барысында өңір басшысы қаладағы 4-орамда орналасқан былтыр жаңғырту жұмыстары жүргізілген 5 қабатты, 25 пәтерлі үйді де көріп, атқарылған жұмыстардың сапасымен де танысты. Қалалық сала басшыларына осы бағыттағы жұмыстарға орай тапсырмалар да жүктетті.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

Адам баласы өмірге келіп, ер жеткеннен кейін екі нәрсе таңдаудан қателеспеуі керек деп жатады. Оның бірі – өмірлік жарың болса, екіншісі өзің қалаған – мамандығың. Иә, бұл сірә әрбір саналы пенденің өмірінің мәні болғасын айтылса керек. Себебі жар таңдауда жаңылмасаң өмірде балдай бақытқа кенелесің, мамандығың бойынша атқарған қызметіңнің жақсы болуы әу баста алған білім мен игерген мамандығыңның жемісі екені ақиқат. Кейбір жандар басында басқа салаға ден қойып, кейін жаны қаламазасын қызметін ауыстырып жататыны тағы бар. Қандай жолмен келсе де қос таңдауында да жаңылмай, тасы өрге домалағандар қатарында ішкі істер саласының Құрметті ардагері, полковник, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Аманбек МҰҚАТАЕВ бар. Полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Аманбек ағамен сұхбаттасқан едік.



ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ САҚШЫСЫ

– Аманбек аға алдымен бұл салаға қалай келдіңіз? Бала күнінде ер балалардың көбісі милиция болсам деп армандайтыны жасырын емес, сізде солай форма киіп, ел тыныштығын күзетуді мақсат етіп пе едіңіз?

– Иә, әрбір бала балалық шағында түрлі қиялға беріліп, шіркін ұшқыш

Атина өте қарапайым, қамқор жан еді. Өзге ұлт өкілі болса да бойымызға қазақтың салт-дәстүрін сіңіріп өсірді.

– 1973 жылы жаңадан құрылған Жезқазған облысына ішкі істер органына қызметке келдіңіз. Жүгі ауыр қызметтің бір парағына тоқталып өтсеңіз?

МАРАПАТТАРЫ:

- 23 маусым 1972 жыл – Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі
- 5 маусым 2009 жыл – «ІІМ-нің Құрметті ардагері» медалі
- 10 қараша 2011 жыл – «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медалі
- 2014 жыл – Жезқазған қаласының Құрметті азаматы



болып, көкке көтерілсем, әнші болып, халыққа танылсам деп немесе өзіне сабақ берген ұстазын үлгі тұтып ер жеткенде мұғалім болуды армандайды. Неге екенін білмеймін бірақ, мен сол бала кезімде-ақ милиция болсам екен дейтінмін. Бұл мамандықты таңдауыма әкемнің тәрбиесінің рөлі зор болғанын атап өткім келеді. Әкем Мұқатай Әбілдин майдангер, ауыл кеңесінің төрағасы сынды беделді қызметтер атқарды. Әкемнің өмірлік тәжірибесінен мен де сабақ алып шынышыл, адал әрі әрбір істі ақылмен шешуді үйрендім. Алайда мен милиция болуды армандай тұра мемлекеттік педагогикалық институтқа оқуға түсіп, ұстаздық жолды таңдадым. Бұны мен бала күнгі арманым балта шапқаным емес өмірдің маған берген жана жолы деп қабылдадым. 1965 жылы оқуымды ойдағыдай аяқтап, еңбек жолымды Шет ауданында білім бөлімінің инспекторы болып бастап, мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары қызметіне көтерілдім. Ұстаздық маған ойынды нақты жеткізу, көпшілік алдында қысылмай сөйлеуді үйретті. Егер мені КСРО әскери қызмет қатарына кадрлық қызметке шақырмағанда мен ұстаздықтан кетпес пе едім кім білсін? Өзім қалағандай милиционер болсам да әскери форма кигенімде бала күнгі арманым бір табан жақындағанымды түсіндім. Әскери қызметім аяқталғаннан кейін маған қызметімді Ресейдің Северодвинск қаласында жалғастыруға ұсыныс түсті. Бірақ, белгілі себептерге байланысты бас тартып, жаңадан енді ғана құрылған Жезқазған облысының облыстық ішкі істер басқармасына жұмысқа орналастым. Осылайша бала күнгі арманым орындалып менің полиция қызметімдегі еңбек жолым басталды. Бұл 1979 жылдың наурыз айы болатын.

– Аға, жаңа сөз арасында полиция қызметкері болуда әкеңіздің ролі зор екенін тілге тиек еттіңіз. Жалпы қай жылы қандай отбасында дүниеге келдіңіз?

– Әкем – майдангер екенін тағы да қайталап өтейін. 1943 жылдың қысында әкем әлі неміс фашистерімен болған соғыста, майдан даласында жүргенде мен өмірге келіпмін. Аман-есен елге оралған ол бізді аяққа тұрғызу үшін бар күшін аямай еңбек етті. Барлық баласының білім алуына жағдай жасады. Анам

– Жезқалаға келген алғашқы жылы бөлімінің аға инспекторы болған мен кейін Жезқазған қалалық милиция бөлімі басшысының орынбасары қызметіне тағайындалдым. Әрбір полиция қызметкерінің бойында білім мен біліктілік, сабыр мен төзім, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ету үшін шапшаңдық болуы керек. Осы қасиеттер бойынша табылып, ерекше көзге түскен болуым керек облыстық ішкі істер басқарамасы қылмыстық іздеу бөлімінің аса маңызды істер бойынша аға инспекторы болып ауыстым. Осылайша алғашында мен үш қылмыстық істі ашуды қолға алдым. Бірнеше жыл жұмбағы шешілмеген істі бір айдың мұғдарында тергеу жұмыстарын жүргізіп, іздеу іс-шарасы кезінде қылмыскер Астрахань қаласында тұтқындалып, Жезқазғанға әкеліп тиісті жазасына кесілді. Бұл сәтті іс қазан төңкерісінің мерейтойына сайма-сай келді. Ол кезде кез-келген кенес адамы мемлекеттік мереке кезінде өзінің еңбегінің жетістігін көрсеткісі келетін. Осылайша марапатқа ие болатын. Осындай марапат облыстық ІІБ қызметкерлеріне, оның ішінде менің де еншіме бұйырды. Осылайша біріннен соң бірі қалған екі қылмысты да ашып, кінәлілер сот алдында жауапқа тартылды. Тағы бір есте қалғаны, кезекті жиналыс кезінде бүкіл одақтық іздеуде жүргендердің тізімін қарап отырып, өзіме таныс адамды көргендей болдым. Қайдан көргенімді әрі ойлап, бері ойлап Әзербайжанда іздеу жарияланған азаматтың Жезқазғанда қайдан жүргенін түсіне алмай дал болдым. Не керек, мекенжайын анықтап, есік қаққанымызда фотосы тізімде жүрген азаматтың есік ашпасы бар ма. Дереве тұтқындап, Мәскеу мен Бакуға хабар бердік. Аста-

надан басқарма бастықтары біз жаққа жолға шықты. Сатан Қарашулақов сәтті аяқталған жұмысымызға ризашылығын білдіріп, шетелдік қонақпен танысуға бет алды. Алайда оның алдынан шыққан кезекші бөлім қызметкері қылмыскердің қашып кеткенін жеткізді. Бірден жедел іздеу шараларын жүргізіп, дер кезінде қайтадан қолға түсіріп, таңертеңгі бізге арнайы келген мәскеулік әріптестеріміздің қолына табыстадық. Айта берсем, әрине көп, міне, менің қызметтік жолымның бір парағы осындай.

– Жаңа қызметке алғаш келгенде жас маманға жол көрсетіп, нұсқау беретін, ақылын айтатын жетекшінің немесе ұстазың болады. Сіз өз еңбек жолыңызда кімді үлгі тұтып, кімнен көбіне ақыл-кеңес алдыңыз?

– Мен Жезқазғанға келгенде әрі жас, әрі тәжірибесіз маман едім. Мұнда мені өз ісінің маманы, ұзақ жылдық еңбек өтілі бар Мұрат Құрманов пен Сатан Қарашулақов құшақ жая қарсы алды. Екеуі де облыста танымал тұлға еді. Іздеу қызметінде осындай кісілерден тәлім алып, тәжірибе жинағанымды мақтан тұтамын. «Сурінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ болмайды» дегендей мен де қызығы мен қиындығы мол еңбек жолымда кәліпкер жібергенім жасырын емес. Мұндайда маған қолдау көрсеткен жан болса, ол менің бастығым – Сатан Қарашулақов. Милиционер болу – ол үлкен абырой. Біз жерлестеріміздің қауіпсіздігіне жауап береміз. Адал болу басты мақсатымыз. Біз адамдардың көзіне қарап тек шындықты айтуға міндеттіміз. Осы мүмкіндікті пайдаланып бүгінде де қызметте жүрген барша әріптестерімді мерекелерімен құттықтаймын. Халықтың қорғаны болып, әркез адалдық жолында қызмет ете беріңіздер!

Қандай мамандық болсын өз ерекшелігі, өзінің көтеретін жүзі болады. Полиция қызметкері болу да, қауіп пен қатерге бетпе бет келу де оңай емес. Ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарып адалдығымен ерекшеленген Аманбек Мұқатаев қандай құрметке болса да лайық. КСРО әскери қызметінің қатарында жүргенде-ақ ширақтығымен көзге түсіп, Лениншіл жастар одағы орталық комитетінің грамотасымен марапатталған бозбаланың еңбегіне қарай еленіп, алған марапаты мен медалдері де жетерлік. Оның еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі екенін атап өтпесек те белгілі.

Сұхбаттасқан: Жаннұр ПЛЕМИСОВА.

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

2003 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы маусым айының 23-ін мемлекеттік қызметшілер күні деп атап отыруға ұйғарым жасап, осыған орай елімізде дәл осы датаны мемлекеттік қызметшілер күні деп жариялап, арнайы жарлыққа қол қойылғаны баршаға мәлім. Аталмыш мереке қарсаңында Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, мемлекеттік қызметтің ардагері Гүлсім ЕСМУРЗАЕВАМЕН кездесудің сәті түсті.



Гүлсім Пазылқызы ЕСМУРЗАЕВА Қарағанды облысы Жезқазған кентінің тумасы. Онжылдықты осы кенттегі №7 қазақ орта мектебінде бітірген ол өзінің ұлағаты ұстаздары Хақима Жомартбаева, Рашида Амутова, Балдырған Абдиқаримова, Мархаба Сафарғалиева, Құланда Ермағамбетова, Әбілаш Махатовтың есімдерін жадында ұстап келеді.

Бала кезінде біресе актриса, біресе әнші, біресе мұғалім болуды армандаған аңғал көңілі үйде әр пән бойынша өзіне сабақ беретін мұғалімдерге еліктеп, солардың дауыс мақамына салып, көрші балаларды оқытып, актерлік шеберлігін осылай сынап көрсе керекті.

Осылайша ол ұстаздық жолды таңдап, Жезқазған педагогикалық институтының филология факультетінің неміс және ағылшын тілдерінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсіп, мысты шаһардағы №25 орыс орта мектебінде ұстаздық етті.

Мемлекеттік қызметке 1980 жылдардың басында келіп, түрлі қызметтер атқарды. Жасы көмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиясының жауапты хатшысы ретінде ұсталған еңбек жолы жалпы және ұйымдастыру бөлімдерінің менгерушісі, «Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, Жезқазған және Сәтбаев қалалары әкімі аппарат басшысы қызметтеріне дейін көтерілді.

Жалпы 40 жылдан асатын еңбек өтілінің 30 жылын осы салаға арнаған мемлекеттік қызмет ардагері өзінің еңбек жолы туралы былай сыр шертті.

– Мемлекеттік басқару жүйесінің бірнеше құрылымдарын бастан кешті. Қиындығы да қызығы да мол еңбек жылдары болды. 90-жылдардағы қиыншылықты халықпен бірге көрдік. Еңбекақы, зейнетақылар айлар бойы төленбей, азық-түлікке талон жүйесі енгізілгенде де халық мойымады, келешекте тұрмысы-

мыз жақсарды деген сенімде болдық.

1997 жылы сол кездегі Жезқазған облысы жабылып, Сәтбаев қаласы өзінің дербес бюджетінен айрылып, Жезқазған қаласы әкімшілігіне бағынышты болған кезең ең ауыр уақыт болды. Сәтбаев қаласының барлық құрылымдарының жабылатыны жабылып, қысқарғандары қысқарып, көбісі Жезқазған қаласына көшірілді. Облыстық маңызы бар Сәтбаев қаласы қалашыққа айналды – деп өткен шаққа бір сәт оралған ол, еңбек жолында өзіне үлгі болған жан туралы сөз қозғауды да ұмытпады.

– Сондай жүдеп-жадап жүргенімізде бағымызға қарай 1999 жылдың шілде айында қаламызға әкім болып Балмағамбетов Қанат Сұлтанұлы келді. Сол уақыттан бастап қаламызға жан кіріп, біз де еңсемізді біртіндеп көтере бастадық. Есік-терезесі дал-дал болып, ішінде торғай ұшып жүрген мәжіліс залын жөнге келтіріп, азып кеткен қаланы біртіндеп қалыпқа келтірді. Әрине, Қанат Сұлтанұлының әр жылдардағы орынбасарлары да мықты мамандар болды: 2019 жылы Президенттікке үміткер болған Телеутай Рахымбеков, М. Байжабағинов, М. Мадиева, А. Тұрлыбек, Ә. Омар да қаламыздың өркендеуіне үлестерін қосты.

Ең бастысы 2004 жылы бірқатар қиындықтарды бастан өткізіп, дербес бюджет қолға тиді. Бұл ең алдымен Қанат Сұлтанұлының, депутаттардың жеңісі болатын. Енді міне «өлмеген құлға болды жаз» дегендей, облысымыз шағын болса да қайтадан құрылып, болашаққа деген сенім пайда болғандай, – деген Гүлсім Пазылқызы мемлекеттік қызметшілер күніне орай өз әріптестеріне деген ақжарма тілегін ақтарды.

Бүгінде ол мемлекеттік қызметшілер күніне орай өз әріптестеріне деген ақжарма тілегін ақтарды. Бүгінде ол мемлекеттік қызметшілер күніне орай өз әріптестеріне деген ақжарма тілегін ақтарды.

P.S. Әйел затының жаны қанишалықты нәзік болғанына қарамастан, кез-келген іске білек сыбана кірісін биік белестерді бағындырып жатады. Бүгінгі біздің кейіпкерімізде сондай жандар қатарында. Еселенген еңбегінің жемісін көріп отырған Гүлсім Пазылқызының алған марапаттарын тізбектеп жатуды жән көрмедім. Себебі оның өмірде алған үлкен марапаты – ана болып, ұрпағын тәрбиелегені деп білемін. Жұмысымен қатар отбасылық өмірде де айы оңынан туған Гүлсім Есмұрзаева екі баланың анасы. Зейнетке шыққан отағасы екеуі бүгінде немерелерін базып, балаларына қолқабыс етуде. «Өмірлі мәнді болсын» деген тілекті талай естіп жүрміз. Олай болса мәні мен сәні жарасқан өмірдің бір айғағы осы.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

Сәттібек ҚОРҒАНБЕКОВ, мемлекеттік қызмет ардагері:



ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАРЫ АЛДА

Мемлекеттік қызмет ардагері, қаржыгер, бірнеше публицистикалық шығармалар мен кітаптардың авторы Сәттібек Қорғанбеков Нұр-Сұлтанға қоныс аударса да, әрдайым туған жерін аңсайды, сағынышпен ара-кідік келіп те тұрады. Елдегі ағайынмен шұрқырасып, жылт еткен жақсылыққа қуанып, марқайып жүреді. Сондай сапарларында сүйікті «SARYARQA» газетіне ат басын бұрып, шығармашылық ұжыммен қауқылдасып кетуді де ұмытпайды. Біз де Ұлытау облысының ашылуына байланысты ортақ қуанышты бөлісуге асыға жеткен Сәттібек ағамен орайлы сәтті пайдаланып, әңгімелесуді хош көрдік.

— Аға, туған елге қош келдіңіз!
Қуаныш бәрімізге ортақ қой, құтты болсын!

— Рақмет! «Құтты қошақ келсе, қой егіз табады» дегендей мен туған жерге келгенде Ұлытау облысы ресми түрде ашылып, жаңа әкімі тағайындалып жатыр екен. Бәрі құтты болсын! Осы сәтті пайдаланып облыс әкімі, Ұлытау өңірінің ұланы Берік Әбдіғалиұлы жауапты қызметімен сіздердің газеттеріңіз арқылы шын жүректен құттықтаймын. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың былғы жылғы Жолдауында жаңадан үш облыстың құрылатындығы туралы айтылғанда беркін аспанға ата қуанбаған қазақ кемде-кем шығар. Ұлытау-Жезқазған аймағы жұртшылығының 25 жыл бұрын сөнген үміті қайта тұтанды. Жаңа облыста шешімін күткен мәселелер шаш етекпен, жаңа әкім қажыр-қайратын, бар тәжірибесін өңірді дамытуға мейлінше жұмсайды деп сенемін. Облыстың қарышты қадамдары алда деп білемін.

— Қазір қайдасыз, немен шұғылданып жүрсіз?

— Менің құмыр тарихым Ұлытау-Жезқазған өңірімен тығыз байланысты. Бас қалаға қоныс аударғанмен, туған жерім, ауылым адам еш ұмытпайды. Жақсылығына шаттанамыз, кемшіні түсіп жатқан тұсы болса «өтпеген-ай» деп отырамыз. Қазір ақпараттың заманы, өңірдегі жаңалықтардың барлығын әлеуметтік желілер арқылы біліп отырамыз. Ұлытау облысының құрылатыны туралы Жарлық шыққаннан соң осында келіп, жаңа облыстың

ашылғаны туралы қуанышты елмен бірге бөлісуге асыға жеткен жайымыз бар. Мен әрдайым «SARYARQA» газетін оқимын. Сіздерден ешқашан қол үзген емеспін, шығармашылық топтардың тыңғылықты жұмысына разылық білдіремін, жаңа беттер, соны жаңалықтар, қаланың тіршілігі мен тынысы және т.б. материалдар жиі жарияланып тұрады екен. Менің соңғы рет сіздерге берген ұсыныс материалым 2020 жылы жарыққа шықты, онда Қарағанды облысының «Ұстаздары энциклопедиясына» енген, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, ҰОС және еңбек ардагері Ілияс Құсайыновқа байланысты игілікті шаралар болатыны және кітап шығарылатыны айтылған еді. Осыған орай, көптеген ұстаздар мен шәкірттерден естелік материалдар мен фотосуреттер жинақталды. Соның негізінде 2021 жылы «Ұстаздар ізі — мәңгілік» атты көлемді кітап жарыққа шықты. 2008 жылы «Уәйіс би, Уәйіс батыр, Уәйіс болыс» тарихи кітабын жарыққа шығардым. 2015 жылы Қазақ Ордасының 550 жылдығына орай «Бағаналының төрт босағасы» панносына тапсырыс беріп салдырып, Жезқазған қаласына сый ретінде ұсындым. Ол Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде салтанатты түрде ілінді. Оның көшірмелері Жезқазған қаласындағы және Ұлытау ауданы орталығындағы этнографиялық тарихи музейге, сонымен қатар Жезді кентіндегі М. Төреғелдин атындағы музейге де тапсырылған.

— Қолды қусырып, қарап отыру сіздің табиғатыңызға тән емес секілді. Алға қойған жоспар қандай?

— Жоғарыда айтылған «Ұстаздар ізі — мәңгілік» кітабының жалғасы ретінде «Ұстаздар ізі мәңгілік-2» кітабы шығарылып, оқырмандарға ұсынылды. Енді «Ұстаздар ізі мәңгілік-3» және Ұлытау облысы бойынша «Ұлытау ұстаздарының энциклопедиясын» шығару туралы ұжымдық жобаларым бар.

— Сізді алаңдатқан мәселе?

— Жалпы елдің келешегіне, дамуына қатысты мәселелердің барлығына бей-жай қараймын деп айта алмаймын. Еліміздің, оның ішінде өңіріміздің өркендеуіне байланысты мәселелер реті келіп жатса, ұсыныс-пікірлерімді айтып, күрмеуі шешілетіні болса қолымыздан келгенше ат салысуды азаматтық парызымыз деп білемін. Менің ұйымдастыруыммен Жезқазған-Бейнеу және Шұбаркөл-Арқалық темір жолы бойындағы тек нөмірмен тұрған темір жол разъездеріне Ұлытау ауданы тарихынан өшпес орын алған тұлғалардың есімін беру жөнінде ұсыныс ұйымдастырдым, ол іс-шара Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің экс-депутаты Б. Әбдіғалиұлының тарапынан қолдау тауып, «Қазақстан Темір жолы» АҚ қарауына жіберілген.

— Кезінде бірқатар жауапты қызметтердің тізгінін ұстадыңыз. Өткенде есе жіберген тұстарыңыз бар ма?



**ҚУСАЙЫНОВ
ІЛІЯС
МУСАБЕКҰЛЫ
(1924-2000 жж.)**

1924 жылғы 24 желтоқсанда Қарағанды облысы Қарағанды ауданында туған. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері мәртебелі ерліктері «Қызыл Жұлдыз» орденімен,
«За боевые заслуги» медалімен бағаланған.
І Дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені және мемлекеттік медальдармен марапатталған.
Ұлы Отан соғысынан кейін, Жезқазған, Жезді, Ұлытау аудандарында 50 жылдан астам саналы жұмысты білім беру ісіне арнаған,
соның 30 жылын Жезді мектеп-интернатының директоры болып атқарған.
«Құрмет Белгісі» орденімен, «КСРО оқу ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі», «Ұлытау ауданының құрметті азаматы» атақтарының иегері.

— Өткенге өкініш бар деп айта алмаймын. Тағдыр талайымызға жазылғаны бойынша азды-көпті еңбек еттік, лайықты құрметін де көрдік. Жалпы, мен 1980 жылдан 2020 жылға дейін қаржы саласында қызмет еттім. Жезқазған облыстық қаржы басқармасының бас маманы ретінде еңбек жолымды бастап, кейін 1986 жылы Ұлытау ауданының қаржы бөлімінің менеджерісі, облыстық қаржы басқармасының бастығының бірінші орынбасары, жаңадан ашылған облыстық қазынашылық басқармасының басшылық қызметінде Жезқазған облысы тарағанша тер төктім. Одан кейін Қарағанды облысы қаржы бақылау салаларында, Сәтбаев қаласы қаржы бөлімінің бас-

шығы қызметінде болып, кейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қаржы және экономика департаментінде жауапты қызметтерде жүріп зейнетке шықтым. Ірілі-ұсақты марапаттар да жетерлік. Оның қатарында «Қазақстан Республикасы қаржы қызметінің үздігі», Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен «Елеулі еңбегі үшін» медалі бар. Жүрек қалауыммен келген мамандықтың ыстық-суығын қатар көрдім, бірақ шүкір анау айтқандай өкініс-дәрігеріңдей ештеңе де жоқ.

— Әңгімеңізге рақмет! Аман жүріңіз!

Сұхбаттасқан
Меруерт НАУРЫЗБАЙ.

ҰЛЫТАУДЫҢ ҚЫЗҒЫШ ҚҰСЫ

Әлем Азаматы төлқұжатының иесі, Ресей Саяхатшылары ассоциациясы директорлар кеңесінің мүшесі, Мажарстан Қыпшақтар одағы президентінің Құрметті мүшесі, «Отырар-Ұлытау» Кіші Жібек жолымен, «Алтай-Дунай» халықаралық археологиялық экспедицияларының жетекшісі, «Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің және «Құрмет» орденінің иесі Бақтияр Сапарбекұлы ҚОЖАХМЕТОВ асқаралы 60 жасқа толып отыр.

Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылының тумасы, әр салада қызмет атқара жүріп, сатылап біртіндеп көтерілген ұлтжанды, ұстанымы берік азаматтың есімі жұртшылыққа жақсы таныс. Оған үлкен мысал, Жезқазған облыстық өлкетану музейінің басшылығында болған уақытта, ел, жер тарихына деген

шынайы құрметінің арқасында музейдің еңбек көрсеткіші республикаға ғана емес, шет елдерге белгілі болды. Тарихи тұлғаларымызды мәңгілік есте қалдырып, археологиялық мұраларды ұлт игілігіне жарату жолында аянбай еңбектенген. Облыстық, республикалық, халықаралық айтулы жобалардың авторы ғана емес, ұйымдастырушысы ретіндегі ірі этнографиялық экспедициялар, фотокөрмелер, бейбітшілік акцияларын ұйымдастыру, бірнеше телефильмдері көрермендерінен, Үкімет тарапынан лайықты бағасын алып үлгерген. Ол кісінің елдің игілігі үшін жасап жүрген ерен еңбегі осылайша тізбектеліп кете береді. Кішкентай кезінен ауылдағы үлкен кісілердің ел, жер туралы мағыналы әңгімелерін көңілге түйіп, Ұлытаудың әр тасы көне тарихтан сыр шертіп тұрғанын түйсініп өскен Бақтияр Сапарбекұлы Ұлытауды бар әлемге танытуды армандаған екен. Сол ізгі мақсатқа деген алғашқы қадамды 1987 жылдан бастау алған. Жергілікті өлкетанушылар Ғұзыхан Ақпанбеков және Серік Ұлдановпен бірлесіп «Жәдігер» өлке тану тобы» қоғамдық бірлестігін құрады. 1989 жылы Жезқазғанда Әлихан Байменовтың төрағалығымен «Ұлытау» қоғамдық қозғалысы құрылды. «Жәдігер» өлке тану» қоғамдық бірлестігі мен «Ұлытаудың



мақсаты Ұлытау тарихын көпшілікке насихаттау, экология және тарихи ескерткіштерді сақтау мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару болып табылатын. Осы мақсатта бірлестік пен қозғалыс бірлесе іс-әрекет жасауға шешім қабылдап, Бақтияр «Ұлытау» қоғамдық қозғалысының атқарушы директоры болып сайланады. Осы уақыттардан бастап оның Ұлытау тарихын жұртшылыққа кеңінен насихаттау туралы арманы біртіндеп жүзеге аса бастайды.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде Бақтияр Қожахметовтың жеке құжаттары, шығармашылық және қоғамдық қызметіне байланысты құжаттары №687 қордың №1 тізімдемесінде 736 құжат болып жинақталып, тұрақты сақтауға алынған. Олардың қатарында қор иесінің әр түрлі тақырыптарға жазған мақалалары, «Отырар-Ұлытау» экспедициясы кезінде жазылған естелік жазбалары, қор иесінің авторлығымен және құрастыруымен шыққан кітаптары, белгілі ақын, «Невада-Семей» антиядролық экологиялық қозғалысының жетекшісі О.Сүлейменовтің «Невада-Семей» экологиялық қозғалысының филиалы ретінде құрылған «Ұлытау» қоғамдық қозғалысының, КСРО Саяхатшылар Ассоциациясының Жезқазған бөлімшесінің, «Отырар-Ұлытау» Кіші Жібек жолымен экспедициясының, «Алтай-Дунай» халықаралық археологиялық экспедициясының құнды құжаттары топтастырылған.

А. НУРИДИНОВА,
құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жоғары санатты архивісі.

ТАРИХТЫ ЖЕҢІМПАЗДАР ЖАСАЙДЫ



Ұлттық құрылтай өткен күннің ертесіне Жезқазған қаласы мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарының аға буын өкілдерінің қатысуымен «Жошы хан ұлысының орталығы Ұлытау — еліміздің тазылымы тарихының куәгері» тақырыбында ғылыми-теориялық конференция өтті.

Алтын орданың негізін құру тарихын ортаға салды.


— «Тарихты жеңімпаздар жасайды» дейді ғой. Дегенмен, Алтын Орда тарихында бұл керісінше жүзеге асты. Осы кезге дейін бізге Алтын Орданы варварлық сипатта таныстырды. Өйткенмен, біз Жошы хан негізін қалаған бұл ұлыстың сол замандардағы ең қауіпті, орасан күшке ие болғанын естен шығармауымыз шарт. Мен өз зерттеулерімде Жошы ұлысы деген тіркесті қолданамын. Себебі монғол деректерінде «орда» сөзі қолданылмайды. Ол кейіннен орыс тарихшыларының ойлап тапқаны, — деген Бүркітбай Гелманұлы Шыңғысхан әулетіне қатысты тарихи мағлұматтармен бөлісті.

Жиында алғашқы болып мінберге көтерілген ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы Батырбек Мырзабеков ұлттың ұясына айналған мекеннің мәртебесі арта беруді тілеп, жарқын болашаққа деген сенімін білдірді.

Одан әрі ғалым Бүркітбай Аяған конференция тақырыбына сай баяндамасымен таныстырды.

Жиналғандарды көпке белгісіз тың ақпараттармен құлақтандырған ол Жошы ханның

Ақниет
ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)





Жетекшісі –
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Төлеген БУКИРОВ,
«Кетбұқа» ҚБ
төрағасы



Ермұханбет СӘЛЕМОВ,
мемлекеттік қызмет
саласының ардагері



Рахыш ЫДЫРЫСОВА,
«Ұлытау қыздары» ҚБ
төрағасы

Өткен аптаның бел ортасында Ұлы Даланың Ұлытауында бірінші Ұлттық Құрылтай өтті. Қазақ хандығының негізі болатын Жошы ұлысының орнында, хан бабамыздың басында өткен бұл ұлы жиынды ел – символдық маңызы бар тарихи оқиға деп бағалап жатыр. «Бұл – бабаларымыз салған сара жолды қайта жаңғыртып, уақыт пен тарих үзген рухани тұтастыққа бастайтын алтын шынжырдың шығыршығын қайта жалғау» деп кесімді сөзін айтқандар да бар. Бұл орынды да. Небір алмағайып уақыттарда ісі қазақ осы кәрітаудың баурайына әлденеше жиналып, елдік туралы кесімді әңгіме айтып, «эумин» деп бет сипасқан еді. Тіпті, таңбаларын тасқа қашап салып, тар жол тайғақ кешу замандарда бір тудың астында табысайық деп төс түйістіріп тарқасқаны көне тарихтан мәлім.

Міне, сол бабалар салған сара жолды жаңылмай тапқан бүгінгі билік те ұлт ұясы атанған Ұлытаудың баурайында бас қосып, ұлы жиын өткізді. Оны кешегі бабалардың пайымымен – Ұлттық Құрылтай деп атады. Жөн-ақ дейсін.

Алайда, ел осы келелі кеңес өткен жиынның өзін сан-саққа жүгіртіп жа-

тыр. Біреулер барымызды бағамдап, оңымыз бен солымызды айқындадық десе, енді бірі бұл әңгіме кешегі Жолдауларда айтылған сөздің тонын теріс айналдырылған түрі деген тоң-торыс пікір айтуда...

Елдің ішінде осындай екі ұдай пікір қалыптасып жатқанда біз сырттан қарап отыра алмадық. Аймағымыздың айтары бар деген айтулы азаматтарын пікір-сайыс алаңына шақырып, орталарына «Сіз не дейсіз?» деген дәстүрлі сауалымызды тастадық. Ал, орамды ой, пайымды пікір білдіруге «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Кетбұқа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Төлеген БУКИРОВ, Жезқазған қаласы мен Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Рахыш ЫДЫРЫСОВА, мемлекеттік қызмет саласының ардагері – Ермұханбет СӘЛЕМОВ, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Абдолла ДАСТА-НОВ және Ұлытау аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы, «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» – Әнуар ОМАР келісімдерін берді.

«ҚҰРЫЛТАЙ» ДЕГЕНДІ КІМ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕДІ?

«Айыр пікір айып емес, айыр пікірсіз өмір абақты» деп Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов айтып кеткендей, ағымдық саясаттағы пікір алуандығы – демократияның шарты. Ендеше ішкі саясатта ешкімді өзектен теппей, өңменінен итермей тәрбиелеу, ағарту, қажет болғанда көзі ашықтың көкірегің ояту, көкірегі ояудың көзін ашу – біздің ортақ парызымыз.

Бұл жерлесіміз, көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Байменовтың кешегі Ұлттық Құрылтайда айтқан сөзі. Осы сөзді басшылыққа алған біз мына күрделі қоғамымыздың міншіл мүшелеріне елдіктің туын көтерген жиынның жай-жапсарын тігісін жатқыза жеткізуді ниет еттік.

Сонымен пікір сайыс клубының кезекті онлайн отырысын бастаймыз. Қонақтарымызға қош келдіңіздер дейміз. Аймақтық «Saryarqa» газетінің қалың оқырманы Сіздерден салиқалы әңгіме күтеді. Ендеше Алла ауыздарыңызға салмақты сөз салсын.

► **Ал, әңгімеіздің алқисасын «Құрылтай» деген сөздің мағынасы нені білдіреді деген сауалға жауап іздеуден бастасақ, Төлеген аға, Сіз «Құрылтай» дегенді қалай түсінесіз?**

– Ассалаумағалейкум әлеумет. Әуелі баршаңызды Ұлытау облысы болып қайыра құрылып, жеке шаңырағымызды көтерген қуанышымызбен құттықтаймын. Міне, сол жаңа облысымызда елдіктің туын нығайтар, бірлікті бекемдеп, ынтымағымызды ырысты етер ұлы жиын өтті. Ол да құтты болсын. Бұл біз үшін үлкен тарихи оқиға.

Ал енді, Құрылтайға келер болсақ, ол сонау есте жоқ ескі заманнан, бергісі күн дәуірінен бастау алып, түркі дәуірінде іргеленген, Ұлы даланы мекеденен киіз туырлықты, ағаш уықты көшпелі елдердің мемлекеттік жүйесін уақыт тынысымен, заман талабымен үйлестіретін, қоғамдағы сан қырлы топтар мен тайпалардың басын біріктіріп, тізесін қосып, құнды бастама, құнарлы ой-пікіріне құлақ асып, мемлекеттік мүддеге жаратуға жол ашқан жасампаз жүйе. Ел өміріне бетбұрыс жасалатын хан сайлау, жарғы қабылдау, мемлекеттің ішкі-сыртқы саяси тұғырын айқындау, әскери қорғанысты бекіту, ел ішінде шыққан даудамалды реттеу сияқты елеулі оқиғалар осы құрылтайда жүзеге асырылған. Оған сегіз тарап, төрт қиырдан жұрт құйылып келіп, алқалы жиын өткен. Құрылтай – елді біріктіру, ұлысты ұйыстыру, ынтымақты нығайту, келелі пікір, кесімді шешімді саралау, түптеп келгенде, мемлекеттік түзімді жасампаздықпен жасақтауға бағалы қызмет атқарып келген дала демократиясының айқын көрінісі. Менің түсінігімде Құрылтай деген осы.

► **Талай тарихи оқиғаларға куә болған қарт Ұлытаудың қызы Рахыш Нәшкенқызының пайымында «Құрылтай» нені білдіреді екен. Сөз тізгіні өзіңізде Рахыш апай.**

– Армысыздар, азаматтар. Құрылтай туралы әңгіме қозғағанда ұлт ұясы – Ұлытауға есте соқпай өте алмайсыз. Ұлытаудың «Ұлы» атануының өзі осы құрылтаймен тығыз байланысты. Ұлытау тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған. Ұлытауда талай-талай тарихи маңызы зор жиындар өткенін тарихтан білеміз. Бүгінгі күн бізге жеткен шындық: осы тауда үш жүздің қамын ойлаған игі жақсылары бас қосып, тарыдай шашылған қазақ халқының басын біріктіріп, көшпелі елді көшпелі елге айналдыруға, қазақтың шексіз, шетсіз кең даласын көз алартып, қапы қалдырып, сан соқтырып жүрген жаудан елді, жерді қорғауға тұтас бір күшке айналдырып бірігіп соққы беру, ел тізгінін берік ұстау жөнінде ақыл қорытар алқалы мәжіліс өткізген. Менің пайымдауым, бүгінгі күні Құрылтай деп атап жүргеніміз осы-ау! Сондай мәжілістерде ұлы

ҰЛЫТАУДА ҰЛЫ ЖИЫН

ҰЛТ МҮДДЕСІНІҢ ЖОҒЫН ТҮГЕНДЕЙ АЛДЫ МА?

істер тындырылып, ұлы мақсаттары жүзеге асқан дуалы ауыз халық даналары бұрын «Кәрітау», «Көктөбе», «Мүзбел» аталып келген бұл тауға қарап тұрып «Сенде ұлы іс тындырылды, енді сенің атың «Көктөбе» емес, Ұлытау болсын» деген екен. Содан бері бұл жерде елдік пен ерліктің туы көтерілген. Біздің бүгінгі күнгі мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың күні кеше Ұлытауға келіп Ұлттық Құрылтай өткізуі, ұлтты ұйыстыратын тың идеялар мен ұсыныстарға мән беруі ғасырлар бойғы бабаларымыздың ұлы миссиясын жалғастыруы деп білемін. Менің жеке басымның Құрылтай туралы түсінігім осы.

► **Жақсы айттыңыз. Ал енді, Сырда туып қырда өскен, Сыр сүлейлерінің жырымен сусындап жетілген Абдолла бауырымыз не дер екен. Әбеке, сіз Құрылтайды қалай түсінесіз?**

– Барша қазақ жұртына жалынды сәлем дейін. Сіздермен қайыра қауышқанымға қуаныштымын.

Ал енді, «Құрылтай» деген менің түсінігімде қазіргі заманға байланысты айтатын болсақ «сөз» дегенге келеді ғой. Кешегі партияның тұсында пленум, съезд дегендер болатын еді ғой. Сондай бір келелі мәселелерді қарайтын жиын ғой қазақшалап айтқанда. Ұлы жиын. Елдің, елдік тұрғыдағы мәселелерді қамтитын жиын деп есептеймін мен.

Енді біздің тарихымызда құрылтайлар әр дәуірде болғанын айтып жатыр ғой тарихшылар. Одан бергіде 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайы өтті. Бұл тәуелсіздік алған кездің басы болатын. Күзге салым уақыт еді. Жан-жақтан қандастарымыз жиналып, тәуелсіз ел болғанымызды айғақтаған құрылтай болды. Қазақтың тәуелсіздігінің көкбайрағы көкке желбіреген күнге жеткендігімізді айғақтаған құрылтай болды. Алда бұл қазақ не болады, қалай күн көреміз, қандай ел боламыз? деген мәселелер осы қазақтың алғашқы құрылтайында ортаға салынды деп ойлаймын.

► **Ермұханбет аға, сіз не дейсіз? «Құрылтай» дегенді сіз қалай түсінесіз?**

– Ассалаумағалейкум, игі жақсылар. Сіздермен бірге мынадай үлкен тақырыпты талқылауға қатысқанымға қуаныштымын. Орамды ой айтатын орта тола берсін.

Жалпы, өткен ғасырларда Құрылтай жылына бір рет өткізіліп тұратын ұлттық жиналыс болып табылған. Бұл жиынға ақсүйектер, байлар, қарапайым халық та қатыса алған. Жиналыста елге

қатысты ең маңызды деген мәселелер қарастырылған. Жиналған қауым бірігіп бір шешім қабылдаған.

Ал бүгінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен құрылған Ұлттық құрылтай Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Ұлттық құрылтай қызметінің негізгі мақсаты қоғамдық бірігуді дамыту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау мен енгізу және жұртшылықтың, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектор мен мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету болып табылады. Мен құрылтайды осылай қабылдаймын.

► **Жөн екен. Ал енді осы сауалды Құрылтайдың төменгі буыны саналатын Қоғамдық кеңестің өкілі түйіндесе деймін. Әнуар мырза, сөз сізде.**

– Рақмет, Ізек! «Ұлттық код» деген түсінік бар ғой. Құрылтай да сол қатардағы киенің бірі. Құрылтай деген ерте заманнан келе жатқан үлкен қоғамдық кеңес. Кешегі Шыңғыс хан империясы кезінде, одан бергіде де хандықтың яғни, мемлекеттің басына түскен аса ауыр нәубет, жаугершілік кезінде, немесе өркендеудің жаңа сатысына көтерілер кезінде тағдыр шешті шешімдерді қабылдау барысында ел құрылтайға жиналып, қазіргіше айтқанда стратегиялық ұзақ мерзімді шешімдер қабылдап отырған. Мысалы осы өзіміздің Ұлытау өңіріндегі Қарақұмда (Сәтбаев кеңшары) 1700 жылдары «Қарақұм құрылтайы» өткен. Тәуке ханның билік құрып тұрған кезінде өткен сол құрылтайда ұлттымыз үшін аса маңызды шешімдер қабылданып, Тәуке хан «Жеті жарғысы» сол жиында жарияланған екен. «Жеті жарғы» қоғамдағы қарым-қатынастарды реттейтін және қандай да болсын дау шарға төрелік айтатын баптардың барлығын қамтыған. Онда көшпенділердің тұрмыс тіршілігіндегі болып жүрген және болуы ықтимал түрлі жағдайлар барынша толық әрі шешімін тауып жарияланғандықтан халық оны қуана құптаған. Міне, осы «Қарақұм құрылтайынан» кейін ісі алаш баласы Тәуке ханды – «Өз Тәуке» деп атап оның даналығына, көрегендігіне бастарын иген екен.

Қарап тұрсаңыз сол бағзы заманда қалыптасқан заңнамалық түсініктерге, басшылыққа алып отырған заңдарға өзгеріс енгізетін болса, немесе оның орнына басқаша тұжырымдар кіргізетін бол-

са соны құрылтайда шешіп отырған сияқты. Яғни, құрылтай деген мемлекеттің, халықтың тағдырына тікелей әсер ететін өте жоғарғы дәрежедегі құжаттар қабылданатын, заманауи тілмен айтқанда ұлттық бағдарламалар қабылданатын жиын болып тұр. Құрылтай атауын осылай түсінемін мен.

ҰЛЫ ЖИЫН ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ КӨЗДЕЙ АЛДЫ МА?

Хош делік. Сонымен Ұлттық құрылтай өтті. Әйтсе де, «Біткен іске сыншы көп» демекші, оның жұмысына, көтерілген мәселелерге көңілі толмағандар да бар екені байқалып қалды. Осындайда көңіл шіркінге күдік деген де үйір бола кетеді ғой. «Апырмай, ел сенім артқан ұлы жиын шын мәнінде ұлттың көңілінен шыға алмай қалды ма?» деген сауал да сумаң етіп бой көтерді. Енді сол сауалға суыртпақтап жауап тартып көресек.

► **Рахыш Нәшкенқызы, Сіз айттыңызшы, Ұлттық құрылтай көңіліңізден шықты ма?**

– «Ұлытау қызы» атым бар ғой, Ұлттық құрылтайдың өтуі, осы жердің тумасы, Ұлытау облысының тұрғыны ретінде үлкен мақтаныш пен қуаныш сезіміне бөлегенін жасырмаймын. Облыстың алғашқы қадамы Ұлттық құрылтаймен басталуы зор мәртебе деп қабылдадым. Меніңше Ұлттық құрылтайды ұйымдастырушылар өз мақсаттарына жетті деген ойдамын.

► **Абдолла Бәйділдаұлы, сіз не дейсіз?**

– Құрылтай көңіліңізден шықты ма дейсің ғой. Әрине шықты. Біріншіден Президенттің өзі көп нәрсені айтты. Ашығынан айтты. Кейбір жақтырмайтын топтардың болатынын біле тұра айтты. «Қазір біздер қолдан бағыр жасап алдық» деді. Әлеуметтік желілерде ойына не келсе соны жазатын блогерсымақтарға менше айтты мұны. Бір мәселе туралы ғана айтпайды ғой олар. Адамдардың жеке басына жөн-жосықсыз тиісуді әдетке айналдырып алды. «Ойбай ішіп жатыр жеп жатыр, елді құртып жатыр» деп елдің бетін теріс бұрып, байбалам салу көп. Осы тұрғыдан Президент жақсы айтты.

Құрылтайда сөйлеген қоғам қайраткерлерінің сөзі де ұнады. Ең бастысы жиын таза қазақ тілінде өтті. Бұл алдағы бір жиындарға берілген бағыт сияқты болды. Жақсы үлгі болды.



Абдолла ДАСТАНОВ,
«Шыдық» ҚБ төрағасы



Әнуар ОМАР,
Ұлытау аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы

Тіл туралы да жақсы айтты Президент. «Текке байбалам салмаңдар деді. Қазақ мемлекеті барда қазақ тілі өлмейді» деді. Осының өзі көп нәрсені аңғартты. Жалпы бұл құрылтай референдуммен кейінгі алғашқы үлкен жиын ғой. Осының өзі жаңа Қазақстанның жаңа қадамын көрсеткендей.

Президенттің Ұлытаудағы Әулетіаудың баурайында мемлекеттік рәміздер алаңын ашу деген ұсынысы да ерекше болды. Ешкімнің ойына келмеген нәрсе еді бұл. Ұлытау ұлтымыздың ұясы десек, ол жерде еліміздің мемлекеттілігінің символдары үлкен алаңда тұрса қандай жарасымды! Осы тұрғыда аймағымыздың абызы болған марқұм Қойшыбек Тоқтамысов ағамыз еске түседі. Сол кісі Ұлытаудың басына ұлттық байрағымызды көтеру керек дегенді айтқан еді. Сонда «осы жынды шал не болса соны айтады, Ұлытаудың басына ту тіккен деген не?» деп ойлаушы едік. Сөйтсек, оның рухани да символикалық та мәні мен маңызы зор екен. Ұлтымыздың ұлы ордасы екенін айқындайды екен ғой ол тудың Ұлытаудың басында

деп ойлаймын. «Бұл біздің Ұлы тарихымыз! Оның барлық дәуірлеген, өркендеген кездері, құлдыраған, күйреген кездері бәрі біздікі. Күні бүгінге дейін осы тарихтың иесі біз – қазақ халқы. Түркі тектес ұлттардың қарашырағы – Қазақстан» дегенді мензегендей болды бұл құрылтай. Құрылтайдың Ұлытау даласында өткенін мен осылай қабылдадым.

►►*Ер-аға, Сізге қандай әсер қалдырды құрылтай?*

– Құрылтайдың алғашқы отырысы, қазақ елінің тарихи орталығы, үш жүздің басын қосқан киелі Ұлытау жерінде өтуінің өзі көңілді, рухты көтереді ғой. Президент Ұлттық құрылтайда еліміздің келешекте қаралатын басым бағыттарын атап өтті. Атап айтқанда 25 қазан күнін «Егемендік күні» деп белгілеуді ұсынды. Қазақ тілін латын әліпбиіге көшіру бойынша, әліпбиді жетілдіруді тапсырды. Еліміз өркеніеті елдер қатарына қосылу үшін ғылымды дамытуымыз керек. Сол бағытта Ұлттық ғылым академиясына мемлекет-

ӨТКЕН

тұрғаны. Оны Мемлекет басшысының осы сөзінен, осы бастамасынан кейін ұғынып жатырмыз.

Тағы бір көңілден шыққаны барына ашықтық болды. Кім не айтқанды бәрін айтты. Өзіміздің жерлесіміз Әлихан Бәйменовтың сөзін келтіргім келіп отыр. Қаншама нәрсе айтты Әлекен. Оны Президент тыңдады. Бұл билікке берілген бұқараны тапсырмасы деп түсіну керек. Алып компанияларға берілген жеңілдіктерді қайта қарау туралы мәселе көтерді Әлекен. Мұның біздің өңірге де қатысы бар.

Қазір балалардың тілдері орысша шығып кетті. Оның бәрі ұялы телефондарға, контенттерге байланысты деп жатыр ғой. Соны қазақшалауға байланысты халықаралық байқаулар өткізу керек. Сондай сөздер айтылған Құрылтай елдің көңілінен қалай шықпайды. Мен соны түсінбеймін.

►►*Әп, бәрекелді! Жақсы айттыңыз. Бұл туралы кешегі Кетбұқдай билердің атын асқақтатып жүрген Төлеген аға не айтар екен?*

– Мемлекет басшысының референдумнан кейінгі алғашқы іс-шара – Құрылтайды Ұлытауда өткізудің символикалық маңызы зор. Ұлтқа ұя, ұлысқа ұран болған ұлағатты Ұлытау көшпелі империялардың тағдыры тоғысқан, Алтын Ордамың іргесі қаланған, баурайында Жошы хан, ел қамын жеген ер Едіге секілді әлемге өмірін жүргізген жампоздар тыным тапқан айбынды мекен, алты алаштың антасын, таңбасын тасқа басып, бірлігін бекемдеген, арғы атамыз Алаша ханның арғымағы аунаған, аруағын тебіренткен қасиетті топырақ. Ендеше Жерұйық мекенде өткен Құрылтай ұлысты ұйыстырып, халқымыздың қуат-жігерін, тарихи санасын жақғыратын, жаңа Қазақстанға бағдар беретін алтын қазыққа айналдырып анық. Жалпы бірінші Құрылтай ойымнан шықты, кемшін тұстары келешекте ескерілер деген үмітім бар.

►►*Жөн екен. Әнуар Серікбайұлы, сіздің көңіл көңіліңіз ме құрылтайдың жұмысына?*

– Бұл сұраққа жауап беру маған қиындау. Себебі, нақты сол құрылтайдың өзіне қатыса алмадым. Ұлытау ауданы Қоғамдық кеңестің төрағасы әрі аймақтық «Сарыарқа» газетінің бас редакторы екенім де көмектеспеді. Бұл ренжігеннен айтып отырған әңгіме емес. Осындай шараларға жергілікті БАҚ өкілдерін қатыстырмау тәжірибесі туралы айтып отырмын. Нәтижесінде құрылтай өткен аймақтың халқына сырттан келген тілшілерден алған деректер бойынша ақпарат беруге мәжбүрміз.

Маған ұнағаны бірінші ұлттық құрылтайдың Ұлытау жерінде өткізілгені болды. Бұл ұлттымыздың тарихына құрмет. Әрі тарихымыздың тамырына тереңдей бойлап, оның нақты біздің ұлттымыздың тарихы екендігін дүние жүзіне жариялауға жасалған қадам болды. Кейде біздің өз тарихымыздан қашқақтайтын кездеріміз де бар. Себебі, біздің тарихымызда орыс патшалығымен де, Қытаймен де ондаған жылдар соғысқан кездеріміз бар. Соны қазір айтатын болсақ, олардың кегі қазіргі Қазақстан Республикасына, оның халқына бағытталатын сияқты жасқандың психология толық жойылған жоқ. Ал, біз кеше соның бәрине қарамай қазақ мемлекеттілігінің қайнар көзі қазақ хандығының қалыптасқан жері осы Ұлытау даласы және Жошы ұлысының дүниеге келіп Еуразияға билігін жүргізген орталығы да осы Ұлытау даласы екендігін шегелеп, шегендеп бекіткендей болып алғашқы Ұлттық құрылтайды Ұлытауда өткіздік. Сондықтан да мұның маңызы өте терең

сұрақтардың негізгілеріне осы жерде жауаптар беріліп, нүктесі қойылады деп күттім. Рас, елімізде ресми органдар бар. Үкімет бар, заңнамалық актілерді, стратегиялық-тактикалық бағыттағы құжаттарды қабылдайтын Парламент бар. Өйтсе де олар өзінің қабылданған қаған да қасаң регламенттері арқылы, сонда белгіленген процедуралар арқылы жүргізеді барлық әрекетін. Ал, құрылтайдың шеңбері кең. Жоғарыдағы ресми ұйымдар заңның белгілі бір баптарына, халықаралық норманың этикетіне байланып қалатын кезде, құрылтайдың ондайға қарамастан ұлттың күтіп жүрген сұрақтарын талқылау, шешім қабылдау барысында еркіндігі бар ғой. Осы мүмкіндікті мықтап пайдалануға болады.

Белгілі бір деңгейде күткеніміз құрылтайдың барысында атқарылған сияқты. Елге танымал, мемлекет деңгейіндегі қайраткер азаматтар сөйлеп жатты. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтан бастап бірін бірі қайталамай, әрқайсы елдің көкейінде жүрген сұрақтарды айтуға тырысты. Өзіме өте ұнағаны Әлихан Бәйменовтың сөзінде айтылған «Құллі әлемге қазақтың көзімен қарайық» деген сөзі. Былайша бір сөйлем сияқты болғанымен ол маған үлкен әсер етті. Біз көбіне Ресейдің телеарналарын көреміз, немесе әлемде болып жатқан оқиғаларды Ресейдің журналистерінің айтуымен және солардың бізге тықпалаған пайымдарымен қабылдаймыз. Өзіміздің оны тікелей көру мүмкіндігіміз көбіне шектеулі болғандықтан солар бізге нені көрсетті, нені қалай деп ұғындырды, қалай бізге бағыт сілтеді сол бағытта қарайық, сол бағытта ой қорытып, кейін өзіміз де ары қарай сол бағытты солай екен деп айттып, таратып жатамыз. Ал енді біздің өз телеарналарымыз әлемдік деңгейге көтеріліп, дүниеде болып жатқан оқиғаларды тікелей көрсетсе ой түйінін өзіміз жасамас па едік. Жылдар бойы «Хабар» телеарнасына мемлекеттен миллиардтаған теңге бөлініп келе жатқанын білдік. Сол қаржыны осы мақсатта жұмсаса, ендігі басқа мемлекеттің ақпараттына тәуелділіктен құтылар едік ғой.

Әлемге қазақтың көзімен қарайық деген сөздің астарында бізге жететін ақпарат та қазақы дүниетанымыға, Қазақстан деген мемлекеттің ұстанымдарына сәйкес жеткізілуі керек деген ой тұр ғой.

БӘРІН ҚАМТУ МҮМКІН ЕМЕС, ДЕСЕК ТЕ...

Сонымен, онлайн отырысымыз да дөңселініп келеді. Әрине, көкейде сұрақ көп. Бірақ, шектеулі дүние құлашты кеңге серметпесі анық. Ол Ұлттық құрылтайда көрініс беріп қалған сынайды. Оны елдің кейбір «әттеген-айынан» аңғардық. Осы тұрғыда қонақтарымызға да оңғы сауалды сол әттеген-ай деңгеймен мәселелерге ойыстырсақ деймін.

►►*Төлеген аға, ұлттық құрылтайда не айтылмай қалды деп ойлайсыз?*

– Қоғамда қордаланған, шешімін таппаған мәселелер жеткілікті. Өкінішке орай құрылтайда әлі де жалтатқық, жағымпаздық сияқты жат қылықтар бой алды. Бұрынғы жүйенің сойылын соққан Е.Қошанов, А.Перуашев, тағы солар сияқтылар саясат алаңынан, ел басқару жүйесіне алыстатылуы керек. 30 жыл басқарған жүйеге нақты баға берілмеді. Қаңтар оқиғасы да көлеңкеде қалды.

►►*Рахым Нәшкеқызы, сіздің пайымыңыз?*

– Айналасы 3-4 сағатта өткен жиында көтерілген мәселелер де баршылық болды. Алайда, Қасым-Жомарт Кемелұлы жиналып отырған қауымға «көкейлеріңізде бүгін айтылмай қалған мәселелеріңіз болса жазбаша түрде ұсыныңыздар, ешбірі де менің тарапымынан қараусыз қалмайтынына сеніңіздер» дегені Ұлттық құрылтай төрағасының сөзі мен ісі бір екенін айғақтайды.

►►*Ереке, сөз сізде?*

– Айтылмай қалғаны – экология, көш-кон мәселелері. Байқоңырдан ұшырылған зымыранның гептилінен басқа, жер астындағы пайдалы кенді аламыз деп жердің қазылуынан келетін радиация, мысты балқыту барысында ауаның ластануы, сапасыз ауыз су және т.б. Сондықтан, Ұлытау өңірінде өткен жиында Ұлытау облысының экология жағдайын жақсарту кезек күттірмейтін сұрақ деп қаралуы керек еді.

►►*Абдолла мырза, сіз не айтасыз?*

– Бір құрылтайда барлық мәселені айту мүмкін емес. Ала мәселе айтылмай қалды-ау, мына мәселе айтылмай қалды-ау деп ондай сөз қозғамын келіп отырған жоқ.

►►*Жөн екен. Әнуар Омар не дейді?*

– «Не айтылмай қалды?» дегенге ұлт ретіндегі, моноұлтты мемлекет ретіндегі мәселелер дер едім. Асылында халық мемлекеттік деңгейде ресми шешілуі қиын сұрақтардың түйінін тарқату үшін осындай құрылтай сияқты алқалы жиындардан күтеді ғой. Мысалы, біз қай әліпбимен жүреміз, ол да әлі нақты шешілген жоқ. Кеше айтылған «латын қарпін қоя тұрсақ қайтеді, кириллицада қала тұрсақ қайтеді» деген мәселе біздің бұл сұраққа нақтылы бір шешімге келе алмай тұрғаны-

мызды көрсетті. Сол сияқты, ұлттық сұрақтарды ылғи саясиландырмау керек деген мәселе айтылса деп күтіп едім. Көбінесе біз қазақ деп айтсақ, болмаса қазақтың әлде бір мүддесін айтсақ қалған ұлттар өре түрегіліп, оны қасакана саясиландырып жібереді. Ал енді, қазақстанда тұрып жатқан басқа этностың мәселелері туралы әңгіме ол халықтар достығы болып шыға келеді. Сондықтан да ҚР тұрып жатқан жүзден аса этностың өкілдері бар деп айтатын болсақ, соның бірі қазақ екені де мойындалуы керек қой. Яғни, басқалардың мәселесі сияқты біздің де мәселеліміз бар. Олар тілінен, дінінен, салтынан айырылып қала жаздаған болса, біз де тура солаймыз. Яғни, олар қандай тарихында қандай қиыншылықтар көрсе, қандай қиянаттар көрсе оны біз де басымыздан кештік. Біз де қынадай қырғалдық, біз де ашаршылықты басымыздан кешірдік. Салтымызды, дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді бәрін ұмыттыруға барлық әрекеттер жасалды. Әліппидің өзін бірнеше рет өзгертті. Төте жазумен оқып келе жатқан кезде бізді алып латын қарпіне ауыстырды. Одан кейін кириллицаға. Сөйтіп әкесінің жазғанын бұласы, атасының жазғанын немересі түсінбей рухани, әдеби, мәдени сабақтастығымыз үзіліп қалды. Біз соның бәрін басымыздан кешірдік қой. Енді соны түзейік десек ойбай қазақтар өйтіп жатыр, бүйтіп жатыр деп шыға келеді. Міне, осы мәселелер құрылтай сияқты жиындарда айтылуы керек. Себебі ол Парламентте айтылса тағы саясиланып шыға келеді. Президент айтса ол екі бастан саясат болып кетеді. Үкімет айтса тағы шулайды. Құрылтайдың бір артықшылығы, осындай мәселелерді талқылай алатындығында. Құрылтай мүшелерінің ішінен де барлық ұлттың өкілдері бар ғой. Олар да отырып қолғауы керек. Солар шығып сөйлеуі керек. «Дұрыс айтады, қазақтар да осы қиыншылықтың бәрін басынан кешірді. Олардың да ұлт ретінде арман, мақсаты бар, рухани мүддесі бар. Оны саясиландырудың қажеті жоқ» деулері керек. Осы мәселелер айтылмай қалған сияқты.

►►*Соңғы сауал, Ұлттық құрылтайдың құрамына Ұлытау облысынан бір де бір адам кірмеді деген уәзі айтылуда. Рақым апай бұған не дейсіздер?*

– Ұлытау облысынан ұлттық құрылтай құрамына кісі еңбегі деген қаңқу сөздің тарауында еш мән жоқ деп түйемін.

►►*Төлеген аға, сіздің ойыңыз?*

– Ұлытау облысы жаңа құрылды. Келешекте біздің облыстан да мүше кіреді деп ойлаймын.

►►*Ереке сіз не дейсіз?*

– Облысымыз енді ашылып жатқан соң, біздің өңір тұрғындарынан құрылтай құрамына кірмей қалған шығар. Дегенмен, бұрындары Жезқазған да қызмет еткен Ә. Байменов және Е. Қошанов еніп отыр ғой. Құрылтай құрамы өзгеріп отыратын болса, облысымыздың басқару құрылымы құрылып, бекіген соң, облыс тұрғындарынан беделді азаматтар Құрылтай мүшелігіне енетін шығар.

►►*Әнуар Серікбайұлы, сіз не дейсіз?*

– Бұған мен қосыла қоймаймын. Жаңағы айтқан Әлихан Бәйменовты, Ерлан Қошановты мен осы Ұлытау облысының адамдары деп есептеймін. Жалпы біз бұл түсініктен кетуіміз керек. Тұтас ұлттың мүддесі арқылы бір аймақтың азаматы сөйлейтін болса Қазақстанның түпкір-түпкірінде тұрып жатқан барлық қазақ ол адамға риза болуы керек. Оны міндетті түрде Ұлытаудың азаматы айта ма, жоқ Тарбағатайдың азаматы айта ма мәселе онда емес. Ұлытаудың азаматы айтқанда ғана дұрыс болатын еді деудің өзі қате ұғым. Бұл да біздің әлі ұлттық деңгейге көтеріле алмай рулық, тайпалық, жеке бір ауылдық деңгейде қалып қойғанымыздың көрінісі. Кім сөйлесе де тұтас ұлттың мәселесін сөйлесе ол қай ауылдың азаматы болса көкейіміздігіні сол айтты деуіміз керек.

►►*Абдолла Байбөдіаулы, сіздің түйініңіз?*

– Ұлттық құрылтай да өтті. Ол Ұлытауда өтті. Бұл құрылтай тарихта Ұлытау құрылтайы деген атпен қалады деп ойлаймын. Бұл туралы енді әртүрлі әңгімелер айтылып жатыр. Біздің қоғамда қазір қай нәрсеге болмасын көңілі толмайтын адамдар бар. Бұл бір. Екіншіден сол жиынға өзі шақырылмай қалса, жиынның ішінде өзі болмай қалса, міндетті түрде ол жиында дұрыс емес деп санайтын адамдар бар. Сондай жандардың тарапынан «халықпен ақылдаспай өтіп жатқан бұл не құрылтай, ол құрылтайға әуелі бір мәселе қойылуы керек еді ғой, ол мәселе құрылтайда қаралу керек еді» деп сан-саққа жүгіртіп жатқандар бар. Бұл әрине дұрыс түсінік емес. Оның құрамы жайлы да сондай көзқарастар ашық айтылуға. Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелен неге шақырған деген әңгімелер де айтылып жатыр. Менің түсінігімде олардың бәрін шақырған дұрыс. Елдің мәселесі, халықтың мәселесі, қазақтың мәселесі қаралып жатқан жиынға олар неге қатыспауы керек. Олар «е қазақта мынадай мәселе тұр бар екен ғой, қазақты мынадай мәселелер толғандырады екен ғой» деп неге ойланбасақ. Олар сосын Ассамблеяның отырыстарында кешегі құрылтайда айтылған мәселелер деп өзара талқылап жиын өткізіп жатса, оның не жамандығы бар. Міне, осы жағын ойлаған да дұрыс.

ТҮЙІН

Халық пен биліктің арасындағы алтын көпір міндетін атқарып, елдің мұң-мұқтажын, хал-жағдайын ашық айтып, қоғамда ой-пікір қалыптастырып, елдің дамуына елеулі үлес қосып жүрген айтулы азаматтар құрамына енген Ұлттық құрылтайдың келешекте атқарар жүгі, көтерер мәселесі ауқымды болмақ. Өйткені, Ұлттық құрылтайда еліміздің стратегиялық бағытта қабылданар тағдыршешті басым бағыттар талқыланады. Оны Президенттің өзі басқаруы онда қаралған мәселелердің түбегейлі шешім табуына келіп. Сондықтан да Ұлттық құрылтайды бәз біреулер айтып жүргендей еріккеннің ермегі деп қарау қате пікір. Осы тұрғыдан келгенде еңгімізді белгілі қоғам қайраткері, жерлесіміз Әлихан Бәйменовтың сөзімен бастап едім, онлайн отырысымызды да сол Әлекеннің сөзімен түйіндегенді жөн көрдім. «Жетістікті көрмеу – соқырлық, кемшілікті көрмеу – жаны ашымағандық». Сондықтан ағымдық саясатта әр саладағы кемшілікті айтқандарға жаныбар ретінде қарау – «құлақ асатын мемлекет» мәдениетінің сипаты болуы тиіс. Ал күнделікті өмірде еркім өзінің және өзгенің абыройын, еңбегін, уақытын, хақын құрметтейтін мәдениет қалыптастыру абзал.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Жалы тіктейіп, шеңберлене иіріліп жатқан айбарлы айдаһар секілді асқар таулар бауырындағы алып қала да ымырт тез үйіріледі. Әйнек қабырғалы зәулім ғимараттың жоғарғы қабатынан түнгі қала тынысына құлақ түре, үн-түңсіз ұзақ тұрдым. Көлік көзтелісі саябырлап, кісі аяғы басылғасын үйге асықпай қайтармын деп ойлағам, көптен қолым батпай жүрген жұмыстарды тиянақтап отырып қалыппын. Қызметтес қыздардың бәрiнiң де жеңiл көлiктерi бар. Ендiгi үйлерiнде рахаттана демалып жатқан шығар.

Жұмыс аяғына таман басшымыздан жедел тапсырма алған сұңғақ бойлы, қара торы, қарақат көз, талдырмаш қыздан басқарау бағана-а-а кетiп қалған. Ол компьютерiн өшiрдi де, ат шаптырым кабинеттiң бұрыш-бұрышында салбырай, жалбырай өсiп тұрған сан алуан гүлдердiң әр жапырағын аялай алақанына салып, еппен шаңын сүрте бастады. «Көптiң ортасында жүрiп жаны жалғыз-сырағандар мен түп-тамыры ауылдан шыққандар ғана үй өсiмдiктерiн баптап-күтуге бейiм болады», – дегендi интеренеттен оқып отыр, жөк жерден сол есiме түсiп, еш себепсiз күлкiм келдi, бiрақ оны ренжiткiм келмей, жүзiмдi жасырдым...

Иргетасы биiк, мәрмәр баспалдақты, төбесi көк тiреген зәулiм ғимараттан екеумiз асықпай шығып, ақырын аяндап, аялдамаға беттедiк. Кенет тап қасымыздан қызылды-жасылды шарлары желбiрiп, үп-ұзын қап-қара лимузин өте шыққаны. Ел-жұрттың назарын өзiне аудара, азан-қазан, музыкалатып. Күнгiрт әйнектi қымбат көлкi қашан көзден таса болғанша, әрiптесiм лимузин соңынан үздiге қарап, бiр орында тұрып қалды. Сосын өзiнiң осылай тапжылмай тұрып, тесiле қарағанына ыңғайсызданды ма, мен жаққа жалтақтай көз тастады.

«Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ»... Қылтып бойжете бастағаннан қыздардың бәрi де келiн боп, ақ босаға аттар сәттi асап, тәттi қиялға шомады ғой», – деп ойлады, оның сол қылығының тiгiсiн жатқыза.

– Сiз бiлесiз бе, әпке, бала кезiмде тезiрек бой жетуге, басыма ақ желек жамалып, үстiме етегi шұбатылған аппақ көйлек киiп, биiк өкше ақ туфлiмен тық-тық басып жүруге асығатынмын. Әлi есiмде, ортасы пешпен бөлiнген төрт бөлмелi үйiмiздiң төр жағында қызыл күреш мақпал малтамен жабулы биiк темiр керует тұрушы едi. Сол керуетке тек сыйлы қонақтарға арналған көрпе-төсектер жиналатын. Үйдегi ең құнды дүниенiң ұшар шыңына құлақтары едiрейе құс жастықтар қонжиятын. Апам олардың бетiн шешетiнде нәзiк шiлтерi бар капрон жапқыштармен әспеттеi жауып қоятын. Үйде ешкiм жоқта сол үлбiреген жастық жапқыштардың бiр жақ шетiн бұрмелей жинап, түйреушпен түйреп, жана түскен жас келiндердiң ақ желегi құсатып, басыма бүркейтiнмiн.

Сосын апамның әкеммен бiрге қонаққа барғанда гана ұқыппен киiп, үйге келесiн жақсылап сүртiп, әспеттей тығып қоятын сүттей ақ, сәндi туфлiн шидиген аяғыма қолпылдата киiп алып, айна алдында көлбенеiп жүруге жаным құмар едi-ау. Алайда бойжеткесiн, қалындықтың қардай аппақ, мын сан моншағы жұлдыздай қымындап көздiң жауын алатын, етегi жер сызған сәндi көйлегiне қолды бiр-ақ сiлтеп, айдалаға тұра қашу ой үш ұйықтасам, түсiме кiрмеп едi, – деп ол бiр ұзынсонар әнгiменiң шетiн қылтитты.

– Қызық екен?! Сонда сен... Өз тойыңнан өзiң қашып кеттiң бе? – деп таңданысымды жасыра алмадым.

– Иә, дәл той қарсаңында... Жiгiтiм екеумiз дүкен аралап, бiрнеше күн бойы той киiмдерiн, неке жүзiктерiн таңдадық. Әшейiнде қала толы – базар мен дүкен, дүкен толы сан алуан дүние сияқты көрiнгенiммен, өзiңе ұнайтын, көңiлдiңдегiңди табу қиынның қиыны екен ғой. Бiр күнi жiгiтiмнiң апа, жеңгелерi бiзге iлестi. Құдаларға киiт таңдамақ боп. Ойымызда түк жоқ, екеумiз еркелей қол ұстасып, артта келе жатқанбыз. Кенет әлгi әйелдердiң бiрi: «Болашақ келiнiмiздiң есiмi бiр түрлi ерiң екен? Азат деген... Адам қызға да өстiп ат қояды екен-ау?! Сонда не, бұл қыз туғанда әкесi түрмеден азаттыққа шыққан ба?» – деп сылқылдап күлсiн.

Естiсем де, естiмегендей үнсiз жүре беруiме болар едi, бiрақ кеудемдi намыс кернеп, басымнан сөз асырғым келмедi. Ақырын ғана артыма бұрылдым да: «Елiмiз тәуелсiздiк жариялаған жылы өмiрге келiптiн. Сосын «Әкең қыз болсаң да, атыңды Азат қоямын деп болмады» деп анам марқұм айтып отыратын», – дедiм байыппен.

Аз-кем ауыздарын жауып, сәл-пәл тыншу тапқан әйелдердiң бiрi көп ұзамай: «Ойбу, шешесi жоқ жетiм қыз екен ғой... Онда не оңған киiт әкелер дейсiң бiзге?! Жетiм қызға сонша шабылып қайтеміз? Арзан бiрденелердi барахолкадан-ақ ала салайық», деп сыпсындағанын құлағым шалып қалмасы бар ма?! «Жетiм қыз... жетiм қыз...» деген қандай сүйкiмсiз суық сөз едi! Құлағымда күңгiрлеп, мыымда жаңғырыққан сол жексұрын сөздi дәл қасымда келе жатқан жiгiтiмнiңде естiмеуi мүмкiн емес едi. Алайда, менi қорқап, тума-туыстарына бiр ауыз сөз айта алмады. Көңiлiм қатты қалды. Киiт бұрылдым да, алды-артыма қарамастан, көзiм жасқа толып, басым ауған жаққа кете бердiм.

Ол қыр iзiмнен қаламай, өлердегi сөзiн айтып, жалынды: «Менi аямасаң да, әке-шешемдi аясаңшы. Қаладағы ең крутой ресторанға заказ берiп қойды ғой. Тойға шақырылған сыйлы қонақтарға не айтады, елден ұят емес пе?!» деп... Өзi де, анасы да қанша күн бойы телефон соқты. Жүрегiм бордай езiлiп, жаным ботадай боздап тұрса да, илiкпедiм. Илiге алмадым. Сол кеткеннен мол кеттiм... – дедi ол жанары жасқа толып.

Сiрә, жаңағы лимузин жай кетпей, оның тынық көңiлiне аласапыран толқын туғызып кеткен-ау. Менiң де жұмыр басыма мың-сан ой

бұтаққа қонған торғайлар құсап жыпырлап жинала бастады. Екеумiз көлкi күтiп, аялдамада ұзақ тұрдық. Ақсұр шашы арқасын жапқан, шолақ күртесi кiндiгiне жетер-жетпес, тырсыта тар шалбар киген толықша әйел тап қасымызға үн-түңсiз жетiп келдi. Сәлден соң тарғыл-тарғыл даусымен айғайлап жiберсiн:

– У меня никого нет! Никто меня не ждет! Женщина не солнце!.. Согреть всех своим телом – глупость. А я, дура, поздно поняла этого! (Менiң ешкiмi жоқ! Менi ешкiм күтпейдi. Соны кеш ұққан мен ақымқын!) – Мас адам сияқты емес. Сiрә, бейуақта әлденеге жаны күйiп, iштегi шерiн кiмге айтарын бiлмей тұрған бейбақ па?... Әлде ақыл-есi азпап ауытқуға ұшыраған бiреу ме, кiм бiлсiн. Бәлесiнен аулақ деп, Азат екеумiз сәл алысырақ барып тұрдық.

Тағы да түпсiз терең ой-теңiзiне шым-шым бата бердiм. Неге екенiн кiм бiлсiн, бұл жолы мен өзiмдi емес, Азатты ойладым. Жаңағы бейтаныс әйел айтпақшы, оның жұмыстан келуiн асыға күтiп, есiкке елендей қаап отырған кiмi бар

қиял, орындалмас арман сияқты. Ал менiң бiр ғана арманым бар.

– Қандай?

– Ол ма, ол... Солар құсап дүниенiң түпкiр-түпкiрiне алансыз саяхаттау.

– Ниеттенсең, қол жетпейтiн нәрсе емес қой. Жұрт қазiр қалаған жағына барып жатқан жоқ па?! Олардың бәрi – миллионер емес, өзiндей жан-дар.

– Дұрыс айтасыз, әпке. Соңғы кездерi өзiм де көп ойланамын. Солардың тапқанын мен де тауып жүрiмiн. Бiрақ, тапқаным тапқандай, құмға сiңген су құсап iз-түзсiз кетiп жатыр. Ең болмаса, жұмыстан шаршап келгенде, рахаттана аяғымды созып жататын аядай пәтерiм де жоқ. Осынау қып-қысқа өмiрге тек бейнет көру үшiн келдiм бе? Қашан өзiм үшiн өмiр сүремiн?! Осы жүрiсiм не жүрiс? – дедi Азат шырға шамырқанып... Жауабы жоқ сұрақтарды маған емес, өз-өзiне қойып отырғанын ұқтым.

Кейбiрi қалғып-мүлгiп, кейбiрi манаурай ойға шомған, шаршаңқы жүздi жолаушылар мiн-

Заря ЖҰМАНОВА, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі



Тағдырдың төсегіне сыйығы

екен үйде?! Тап осы сәтте оның да қалың ойға шомғанын iшiм сездi.

– Апа-жездемнiң үйелмелi-сүйелмелi үш ұлын қалаға қасыма алдыртқан. Ауылда жұмыс жоқ, ессесiне топталып арақ iшiп, топырлай қылмысқа ұрынып жатқандар көп, соларға қосылып не мал ұрылап, не қыз зорлап, түрмеге түсiп қалар деп. Пәтерлен-пәтерге көшкен сайын, ауызыммен тiстегендей сүйрелеп, соларды да қаланың әр тұсына өзiммен бiрге алып жүрiмiн. Қанша жылдан берi. Екi үлкенi телефон, компьютер жөндей курстарын бiтiрiп алған, қазiр еггеп өз күнкөрсiстерiн айырып жүр. Кiшiсi – шаштараздың оқуында. Бiрақ, имандай шынның, кешiксем, солар менi уайымдап, асыға күтедi деп ойламаймын. Егер менi ойласа, өзiм алдын-ала пiсiрiп, тоназытқышқа салып кеткен қазан-қазан тамақтан кей күндерi маған бiр қасық та қалдырмай жеп қоймас едi ғой, – дедi аспандағы қылдырықтай Айға көзiн қадаған күйi. Не дерiмдi бiлмей, үнсiз тұрып қалдым.

– Күндердiң күнiнде олар да өз жөндерiмен кетер. Сонда қалай жападан-жалғыз қалар екенiм? – деп Азат ауызын жиган сол едi, бейтаныс әйел тақисге мiнiп бара жатып:

– Никогда ни к чему не надо быть привязанным! Даже ваше душа, вам не принадлежит, придет время, покинет ваше тело! (Ешқашан ештеңеге бауыр баспаңыз! Тiптi сiздiң жаныңыз да уақыты келгенде тәниңiздi тастап кетедi!) – деп дауыстады.

– Қызық екен! Тап бiр менiң жаңа ақырын ғана сiзге айтқан сөзiмдi естiп қойғандай, – дедi Азат таң-тамаша болып. «Ақылғой» әйелдiң кетуiн күтiп тұрғандай, зып етiп келе қалған, автобустың артқы жағына екеумiз жасыра жайғастық. Көше бойындағы қазқашасы сауатсыз жазылған жарнамаларға терезеден салғырттау көз тастап, өз ойымын өзiм бұйығып отырған, Азат ойымды бөлiп жiбердi.

– Әпке, қалай ойлайсыз, қасымадағы жиендерге қарайламай, күйеуге шығып кетсем қайтедi?

– Олардың ауылда әке-шешелерi бар шығар? – Ауызыма басқа сөз түспедi.

– Аллаға шүкiр, жетiм емес қой. Ал бiрақ осы жасқа келгенде, «екi жарты – бiр бүтiн» болар нәрсудi қайдан iздейiмiң? – дедi ол.

Мен iштей ойланып қалдым. Сықрылы оттары жымындап көздi арбаған түнгi клубтар мен мейрамханаларды шарламасы айдан анық. Тiптi, үйкүшiк бұл түгiлi, талай-талай думанды орталардың табалдырығын тоздырған, анау-мынау көн етiктiнi көзге iлмейтiн,үрiп ауызға салғандай қызметтес қыздарға да де көк етiктi әлi кезiккен жоқ.

– Құдай-ау, тым тәуір қыздарды көрмей, жiгiттер осы Ай қарап жүре ме екен?! – дедiм үнсiз қалуға ыңғайсызданып.

– «Жүрген аяққа жүргем iлiнедi» деген атам заманғы мақал да қазiр көнерiп, мән-мағынасынан айырылған сияқты, – дедi ол сәл-пәл қабағын шытып.

– Неге? – деп таңғала жүзiне үңiлдiм.

– Бiзбен бiр кабинетте отырған қыздар жыл сайын дүниенiң төрт бұрышы армансыз шарлап жүр ғой. Демалыста ел көрiп, жер көрiп, негрлермен де, неместермен де құшақтасып суретке түсiп дегендей... Тiптi солардың бармаған жерлерi, баспаған таулары қалды ма екен десеңшi?! Фотоларына қарасаң, көзiң қызығады тiптi. Бастық айтқандай, «Тәуелсiз Қазақстандағы ең тәуелсiз қыздар» солар емес пе?!

– Өткен, жарты әлемдi шарласа да жандарына жалау болатын, денi дұрыс ер-азаматтар кезiкпей жүр-ау!... – дедiм мен.

– Олардың талғамдары да, талаптары да тым жоғары ғой, әпке. Барлық жағынан мiнсiз, төрт құбыласы түгел, кемел жiгiт табу – менiңше, бос

ген автобус көп ұзамай бiздiң үйдiң тұсына тоқтады. Азатпен үнсiз қоштастым да аялдамадан түсiп қалдым. Ол қаланың шет жағында, бiреудiң барак тәрiздi ескi сарайында тұратын. Неге екенiн бiлмейiн, көпке дейiн Азат ойымнан кетпей қойған.Тiптi оның әр қимылын сыртынан бақылай қарап, көзбен көрiп тұрғандай сезiндiм.

...Мiне, ол автобустан ырғып түстi. Қараңғыдан қаймықтастан, бұраландыған қисық көшенiң түпкiр жағындағы, шамдары сығырайған жатаған үйлерге қарай тура тартып баралды...Неге екенiн қайдам, әйтеуір бүгiннен бастап, оның ендiгi өмiрi күрт өзгерiп, басқа арнаға бұрылса екен деп тiледiм.

Ертеңiне екеумiз түскi үзiлiс кезiнде күндегiше ас таратып, таза ауа жұтып, шағын сая бақ iшiнде үн-түңсiз серуендеп жүргенбiз.

– Әпке, ғұлама ойшылдардың бiрi: «Әлемдi өзгерткiң келсе, өзiңнен баста» деген екен, – дедi Азат байыпты үнмен. Оның әрiзден орағыта басталған тосын әнгiмесiне үнсiз құлақ түрдiм.

– Үйге келсем, соқталдай ұлдар тамаққа тойып алып, бiр-бiр телефонға үнiлiп, кескен теректей сұлап жатыр екен... Маған түк қалдырмапты. Ұсақтап пияз турап, кiшкене шойын табаға жұмыртқа қуырып жедiм. Сосын тек өзiм ас пiсiрген ыдыс пен кесе-қасықты ғана жуып-шайдым... Күнi бойы жуылмай, тау-тау боп үйiлiп тұрған лас ыдыс-аяққа саусағымын ұшың да тигiзгем жоқ. Күнде соның бәрiн өзiм жуып, әуре болатынмын, – дедi Азат.

– «Еркек бастарыңмен қазан-аяққа үйiр болмандар!» деп өз баста жаман үйреткен өзiң шығарсың? Ендi сол өзiң жаққан отқа өзiң жылынбағанда қайтесiң?! – деп күлдiм.

– Иә, рас айтасыз, әпке. От демекшi... Терезе алдында көптен берi атқөпiр боп ескi газет-журналдар үйiлiп жатқан. Соларды құшақтап, есiк алдына, ықтасын жерге алып шықтым да, өртеп бастадым. Әлi сөне қоймай, қызыл шоктанып жатқан қағаздарға ойлана қарап тұрсам, үлкен жиенiм қасыма келiп: «Азико, не болды, тағы да көшемиз бе?» – дейдi. «Жоқ, мен таяуда күйеуге кетемiн» деп айта салдым. Неге олай дегенiмдi өзiм де бiлмейiн, әпке. «Не-ме-не?... Күйеуi несi? Бiз...бiз кiмге қаламыз сонда?» деп ол шошып кеттi.

Қарша бораған сұрақтарға жауап берместен, бозарып сөне бастаған күлге қарап, үн-түңсiз тұра бердiм. Ол менен жөндi жауап ала алмағанын, қипақтап, қас-қабағыма қарап, аз-кем тұрды да, iшке кiрiп кеттi. «Ой, ұят-ай, не деп кеттiң? Қайдағы күйеу? Құдайдың жоғын айтқаным не?» деп екi алақаныммен алаулаған бетiмдi басып, есiк алдында ары-берi жүрдiм.

«Күйеуге тисем не айыбы бар екен?! Осынау үлкен қаладан өзiм сияқты жалғыздықтан шаршаған бiр еркек кiндiктi табылмас дейсiң бе?!» деп кәдiмгiдей ойланып тұрсам, «Жетi қараңғы түнде жаладан жалғыз неғып тұрсың, қарағым! Аманшылық па?» деп көршi апай қасыма келiп, тым тәуір ойларымның тоз-тозын шығарғаны.

«Жай, таза ауа жұтып тұрғанымын ғой. Күнi бойы компьютердiң алдында отырамын. Бүгiн тун тамаша екен, ә?!» деп, өзiмше алдаусыратта жауап берiп шықтымын.

«Жық тiңiп қалар, жүр, iшке кiршi. Бүгiн үйде жалғыз едiм, екеумiз шәй iшейiк!» деп, еркiме қоймай, бөлмесiне кiргiздi. Тысы сетiней тозып, серiппе темірлерi әр жер-әр жерiнен селтеле көрiнген көне диван үстiне дұшпанкөз құрақ көрпесiн төседi. Арса-арсасы шыққан сықырлауық диванға амалсыз тiзе бүктiм. Аяқ-астынан сыйлы қонақ келсе керек болар деп қуыс-қуысқа тыққан бар тәттi-дәмдiлерiн дастарханға шығара бастады.

«Қысымай еркiн отыр. Балам жұмыстан соң

такси болып, күнде кеш келедi. Өзiне жолығатын бiр шаруам бар едi» деп қояды. Шай үстiнде сол шаруасын қалай айтудың жөнiн келтiре алмады ма: «Қарағым, мынау көршiлер: «Осы қаладағы бiр әйгiлi компанияда қызмет iстейдi екен» деп сенi сыртыңнан сөз қылады. Негiзi, ол жерге кез-келген кiсi тұмсық тыға алмайды деп естiгем. Сол рас па?» деп әңгiме бағытын өзiме қарай бұрды.– деп Азат сыңғырлай күлiп жiбердi. (Сол сұрақ көптен менiң де ойымда жүрген, оның сөзiне құлағымды тiктiм.) Өу баста, бiр танысымнан осы компанияда жұмыс барын естiдiм...

Бiрақ айтуын айтқанмен, «Ой, сенi қызметке ала қояр ма екен? Бастық тек өз руластарын алатын едi» деп ол кiсi күмiлжiп қалды. Не де болса, барып көрейiн, бiреу тонымды шешiп алмас деп, бағымды сынауға бел будым. Компания басшысының руын сұрап-бiлiп алғам. Бiрақ алдына барғасын, мысы бағыс ма, тасе есiмнен шығып кетсiн. «Құжатың қатып тұр екен! Дұр-ы-ы-с-!.. Бiрнеше тiл бiледi екенсiң! Ал, сонда өзiң қай рудансың, қарағым?» – деп қадалып отырып алмасы бар ма.

«Әлгi» руы бар болгардың атауы ауызыма түсер емес. Күзгi жапырақтай дiр-дiр етiп, желiн терiп шықты. «Жапырақ» дегенге ұқсайтын секiлдi едi. Сосын тәуекелге бел буып, ақырын ғана: «Жа-пы-ыр-ақ-ты», – дедiм. Қолындағы құжаттарымы жайбарақат ақтарып шығып, жайлы креслода құрсағын құшақтап, үйелеп жатқан бастық басын оқ жыландай оқыс көтердi де: «Не, не дейсiң?» дедi таңырқап. Мен қайтадан «Жа-пы-ыр-ақ-ты», – деп мiңгiрледiм. Ол кiсi тас қылып құшақтап отырған тасыған қамырдай дәу қарынның жiберсе салып, екi иығы селкiлдеп, кең кабинеттi басына көтере күлiп жiбердi.

Қақалып-шашалып, көзiнен жас аққанша күлсiн. Кiрерге тесiк таппай, қаққан қазықтай бiр орында қаттым да, қалдым. Ол бiраздан соң күлкiсiн тыып, көз жасын жеңiмен сүртiп: «Жарайды, қызық үшiн, бөтен рудан да бiреулер арамызда жүрсiн!» – дедi де өтiнiшiме шырып тұрып қолын қойды. Сөйтiп, осы компанияға қызметке кiрдiм, – дедi Азат жылы қымышып.

– Қашанғы тума-туыс, руластарын жинай берсiн. Бiз сияқты, жұмыстан «өлген» жанкештiлер де керек қой, компаниясына. Дегенмен, тәуекелiн тастай қыз екенсiң! – деп шын көңiлден сүйсiндiм оған.

– Осы әңгiменi көршi апайға да, шып-шырғасын шығармай айтып бердiм. «Ойпырмай, ә! Қайта сенi Құдай сақтаған екен. «Кiмдi алдағың келдi?» деп ұрысып-ұрысып қуып жiберсе, қайтер едiң?» деп шошына жағасын ұстады. «Ой, апай, мен үйге қайтайын. Маған айтамын дегенiңiз не шаруа едi?» деп бастапқы әңгiмесiн қайтадан есiне салсам, «Соны саған айтсам ба, айтпасам ба деп екi ойлы боп отырмын. Әлгiндей аз-уын Айға бегiнен әйдiк компанияның бiлдiе қызметкерiне айту да ыңғайсыз сияқты» деп тай-сактайды.

«Айтуға ниеттенген екенсiз, айта берсеңiз-шi» деп мен де, айтпасына қоймай, табандап тұрып алдым. «Көптен ауылдағы үйiмiз өтпей тұр едi. Соны сағып алатын бiреу табылыпты. Кеше аяқ астынан хабар келдi... Өзiм бармасам болмай тұр. Барайын десем...» деп көршi апай күмiлжiп төмен қарады.

«Тау жақтағы элитный үйлер бар емес пе, бiраз уақыттан берi солардың кiрер дәлiзiн жуып жүргем. Аптасына бiр рет. Уақытша еден жуатын адам табылмай тұр. Ақшасын төлейiмiн ғой. Бала-шағаға сене алмай, қиналып отырғаным. Менiң байқауымша, осы жердегi ең естирғ, ықтиятты жан өзiн секiлдiсiң. Бiрақ...» деп, бiр терең күрсiнiп қойды. «Ой, сонша қиналып-қипақтандағар бар айтарыңыз осы ма? Бәрiбiр демалыс күндерi ешқайда шығып жатқаным жоқ. Аландамай, ауылға бара берсiңiз.– дегем көршi апай нығанын ауыр жүк түскендей, жадырап сала бердi», – деп жымиды Азат.

– Е, ендi демалыс күнi елеусiз еден жуушыға айналамын десеңшi! – деп әзiлдiе арқасынан қактым. Оның көңiл-күйi көтерiңкi едi.

– Ешкiм танымастай киiнiп аламын. Имиджiмдi толық өзгертеiмiн. Күнқағары ұзындау, аппақ кепкiмдi көзiме түсiре киiп алсам, менi басқа түгiлi, үйдегi ұлдар да танымайтын шығар, иә, әпке!? – деп, ол езуi екi құлағына жете, балаша мез болсын.

– Қара жұмысқа қиетiн киiмдерiң бар ма едi? – деп сұрадым, кешкiсiн аялдамада автобус күтiп тұрғанымызда.

– Бар ғой, бар. Тек үйге барғасын, керует астынан қарауым керек. Қартон қораптар мен ала қапшықтарға басы артық киiмнiң бәрiн салып қойған. Пәтерден пәтерге көшiп-қонғанда тасуға ыңғайлы деп...

Үнеми тiзеден сәл ғана түсетiн тiк етек ақшыл сұр костюм, ақ кеудеше киiп, биiк тақа бiз өкше туфлiи тық-тық етiп жүретiн байыпты қыздың басқаша кейiпке қалай өзгерерiн көзге елесте алмадым.

(Жалғасы бар).



Арқаның жезтандайы ФАЛЕКЕН!

Сонау ХХ ғасырдың бел ортасында, яғни 1952 жылдың көктемінде бұрынғы Ескене, қазіргі Талдыбұлақ ауылында Мұхамедия ақсақал мен Айман анамыздан тарған 9 баланың (5 ұл, 4 қыз.) бесіншісі болып, Арқаның жезтандай әнісі, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ғалым МҰХАМЕДИН дүние есігін ашты. 4 аға, 4 қарындастың бел ортасында еркелеу болып өсті. Бала кезінен-ақ әнге құмартып әуес бола бастады. Әкесінің үйде, отырыстарда әу деп домбырамен ән салып, күй шертетінін бала кезден естіп, көріп жүрген бала, бойына сіңіріп, әнге деген құштарлығы оянып, домбыра ұстап сәл-пәл қазып ыңылдап қойып, өнерге жақын бола бастады. Үй арасында үй жоқ немере ағалары, құдайы көріші елге аты мәлім немере ағасы Қайпаң (Қайып Төлешов әніші) мен Пазкеңнің (Пазыл Тұтқабеков күйші) туған ағалары Асқар мен Сенбі (Қарақойшы) ағаларының соңында жүріп ән сайыстарына, күй шертістеріне еліктеп көріп өскен жас албырт бала, бұл да келсін-келмесін ән салып көріші маңайды әнге тәнті ететін. Анасы да өнерден кенде емес еді. Бесік тербетіп отырып ыңылдап ән салып отырғаныда құлағына сіңіп қалған болу керек. Нағашылары Тоқа (Майлы) руынан. Нұраға (Нұра ауданы) нағашыларына барғанда, нағашы ағалары Бекен мен Жақыптың да ән айтқандарын естіп бойына сіңіріп өсті. Әрине өнерлі нағашыларының да септігі тиген шығар. Тетелес ағасы Сенбі (Қарақойшы) екеуі ауылда жарыса ән салып жүрген кез болатын. Күн жаз, егін шаруашылық айы. Әртістердің де ел аралап, ауыл шаруашылығымен қоян-қалтық араласып әндетіп, думандатып, көңілдерін көтеріп аралап концерт қоятын.

Сол жазда 1965 жылы сонау астанамыз Алматы шаһарынан бір топ өнерпаз, оның ішінде қазаққа белгілі жезтандай әнші Жүсекең бастап (Жүсіпбек Елебеков) іс-сапармен Жаңаарқа ауданына да атбасын тіреген болатын. Аудан басында мәдениет үйінде концерттерін беріп енді ауыл-ауылдарға (Ескене) Талдыбұлақ ауылына тұс ауа ат шалдырады. Ол кезде дайын сахна жоқ сол әйтеуір трактордың тіркемесінің үстінде ән салып жүрген уақыт қой. Ауыл іші ырду-дырду думан той. Сол кезде белді қызметкер ағасы Асқен (Асқар) ауылдың әнші өнерпаз балаларын жинап Жүсекеңнің алдында «ән айтқызып батасын алайық» деп екі бауырында қосып жіберіп, ән айтқызады. Бірінші Сенбі (Қарақойшы) біраз ән салады екінші Галекең ол кезде 13-тегі жас бала кезі. Айттып жүрген әндері, халық әндері, халық композиторларының әндері, «Көк айдай», «Қызыл құмда ауылым» Жаяу Мұсаның әні «Ақ сиса», т.б. әндерді айттып береді. Жүсекең өнерпаздардың әнін мағұрлана тыңдап, бастарынан сипап батасын беріп кетеді.

Жылдар өтіп араға үш жыл салып 1968 жылы Жүсекең қайыра іс-сапармен елге келеді. Ауылға соғып ән салып болған соң бұл жолы Мұқан-ның үйіне түстенеді. Анамыз қазан-ошақ көтеріп, ауыл ақсақалдары да жинала бастады. Ел мәресіре, үйдің іші ән-думан, үлкендер хал сұрасып әңгіме-дүкен, жастар жағы қалжың, қысыр әңгіме, ортадан үйдің иесі, қоныр дауысымен, «Әй, қарақтарым, күндікке Жүсекеңнің үгіт бригадасын естідің, енді ол кісілерге бізден де ән шашу болсын» деп ауыл өнерпаздарына да қолқа салып, әндерін әуелетіп бастатып жіберді. Әркім өз әлімше әндерін айттып жатыр, бір кезде бала Ғалым домбырасын қағып-қағып жіберіп «Ақ сиса-ның» орындай жөнелді, жұрт тым-тырыс, Мұқан әкесі ауыз жақта отыр, қабағының қиығымен төрдегі Жүсекеңе қарап қояды. Қоныр дауысымен ән орындалып жатыр. Бала Ғалымның шабытын көтеріп ауыл азаматтары қиулап қояды. Риза болған халық орындаған әніне шапалақ ұрып Жүсекең де риза болғандығына, жүресінен отыра кетіп, «ана жылы келгенімде көріп кетіп едім, шыңдалып келеді екенсің, тағы да шырқап жіберші» деп бала Ғалымның көңілін көтермелей қояды. Халықтың сүйіп тыңдайтын жез тандай әншісінен мынадай жылы құрмет сөз естіген бала Ғалым тағы да шырқай жөнеледі. Отырыс қыза түсті. Жүсекең де отыра алмай дөбесі қозып ән шырқап, отырыс одан бетер ән думанға айналып кетеді. Отырыс аяқталып, қол сапарға шығайын деп тұрғанда Жүсекең, Мұқана:

– Үш жыл бұрын келгенде тетелес екі ұл болған сияқты еді біреуі қайда?» – дейді.

– Ол ұл Отанға деген борышын өтеуге кеткен. Міне, жаңа көрген ұл да ержетіп қалды.

– Ал, олай болса біз жолға шығайық ана екі ұлды да Алматыға маған оқуға жіберіңіз, – дейді де басқа ауылдарға жолға шығып кетеді.

Күндер, айлар өтіп жатыр. Галекең бір сөзінде: «Бір күні 1969 жылы ғой деймін ауылға торы атымен, қасында құмай тазысы бар жынды Әбен келеді Асқар ағамның үйіне. Асекең ол кезде (управляющий) басқарма басшысы, ауылда бұрынғы (Ленин) бөлімшесінде. Мені «Әбекеңе ән салып бер, батасын ал» деп шақырып алды. Дастархан басында, ет жеп, арқа-жарқа әңгіме-дүкен, бір уақытта Асқар ағам:

– Әбеке! Әндеріңіздің ішіндегі ерекшесі ана «Қараторғайды» мына жігіттер үйреніп алсын, шырқап жібермейсіз бе? – деп қалады.

Жынды Әбен аузы мұрнын қисандатып, көзін алақаттып жіберіп, мырс ете қалды да шырқай жөнеледі. Мен бұрын-соңды мұндай шеберлікпен

орындаған адам көрмегенмін, аузым ашылып, «Салайын мен әніме қараторғай, қараторғай» деп шик-шик еткізіп, шикылдап торғайдың даусын салғанда, әнді құтты торғай салғандай әсер береді екен. Аузым ашылып тыңдап, қарап қалдым. Сол кісіге біраз еліктеп жүрдік. Міне, сол дауыс көкейімде сайрап тұр, бірақ ол кісідей айта алмаймыз. Екі күн қонақ болып үйіне кетейін деп жатқанда Асқен: «Әбеке, не бұйымтайыңыз бар», – деп еді, «Асқаржан, менде торы ат бар ғой» деді де, торы атымен аяндап кете барды. Бір-екі күнде ауылдың құрдас азаматтарымен Әбекеңнің үйіне шөп-жем түсіріп бердік.

Арада жылжып жылдар өтіп бозбала Галекең 1973 жылы арман қуып оқуға бұрынғы астанамыз Алматыға аттанады. Өнер жолы болмаса ауылшаруашылық оқуына түсіп көрермін деп жүріп, әйтеуір бұрынғы республикалық эстрада, өнер, цирк училищесіне Жүсіпбек Елебековтың класына қабылданады. Оқуда алғыр Жүсекеңнің (Жүсіпбек Елебеков) көңілінен шығатын көп әнші шәкіртерінің ішіндегі қоныр қозысына айналады. Екі жыл оқып 1975 жылы ойдағыдай бітіріп, күркетей дипломын алған соң, енді онда жан-жақтан келген жас жігіттер бәрінің болашағына алаңдаған Жүсекең (Жүсіпбек Елебеков) бозбала Галекеңді өзіне біраз алып қалып шындамақшы болады. Жүсекең де ол кезде жасы 71-де, әрине соныан жақсы шәкірт тәрбиеленіп кейінгі ұрпаққа сол дәстүрді бұзбай жеткізе біледі деген сеніммен тағы бір-екі жыл тәрбиелеп, ізбасарым болады деген ниетте болатын. Қос қанатым Қайрат (Қайрат Байбоынов) пен Жәнібек (Жәнібек Кәрменов) бар, енді үшінші қол қанатым болсын деп біраз ойланып жүрген кезде, Ғарекен (Ғарифулла Құрманғалиев) «Әй, Жүсеке! Еліне де бір әнші керек болады, елге жіберіңіз. Арқадағы оның ішінде Ұлытау өңіріндегі ұмыт болған, халық жауы болып атылып кеткен қаншама өнерпаздарымыздың әндерін халқымыз ұмытып қалды, соларды зерттеп елге танытсын. Арқаға Жезқазған өңіріне жіберіңіз», – дейді. Сонымен «аманатқа қиянат жоқ» деп аманатты арқалап жас жігіт Ғалым аға Арқаға елге келеді. Жезқазған облысы болып құрылғанына екі-ақ жыл болған. Жаңа қала өркендеп, өсіп келе жатқан мысты қаламен бірге өсіп, дамыптан ұлы Абай айтқандай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» демекші, сол қаланың бір кірпіші болып қалана кетті. 1974 жылы Т. Қалмағамбетов атындағы филармония құрылып, негізін қалаушылардың бірі болды. (1975 жылы) филармонияның ішінен алғашқы құрылып жатқан «Жезкіік» ансамблінің мүшесіне қабылданып, белді әншісіне айналды. Ол кезде қылшылдап тұрған жас жігіттер Жақсыкелді Сейілов, Болат Есмуқанов «сен тұр, мен атайын» деген т. б. жігіттер осы «Жезкіік» ансамблін құрып өз шығарған әндерін эстрадалық жанға айтып жүрді. Өздері ақылдаса келе «К. Салықовтың сөзіне жазылған Ж. Сейіловтың «Жезкіік» әнін неге қасиетті қара домбырамен Ғалымға айтқызбақса» деп бәрі бір ауыздан қолдап, сол әнді Галекең алғашқы орындаушылардың бірі болып халқына танытқан еді. Жезқазған облысы бұрынғы астанамыз Алматыға (1978 жылы) үлкен концерттік іс-сапармен барады. Алматыға, бас қалаға барып ән шырқаудың өзі бір мәртебе дегендей. Алматыдағы Республика сарайы, үлкен сахна, концерт басталып, сахнаға, сиясы кеппеген әлі халықтың құлағына сіңбеген қоныр дауысымен Галекең домбырасын қағып-қағып жіберіп «Жезкіік» әнін шырқай жөнеледі. Міне, сол жылдардан бастап радио арқылы Галекеңнің орындауындағы «Жезкіік» әні шартарапқа таралып кетті.

Жезқазған қаласындағы құрылуына өзі мұрындық болған, филармонияда жұмыс істеп жүрген кез. Алдындағы екі ұстаздың аманаты «елге бар, бар әндерді айт, жоқ әндерді жарыққа шығар» деген санада бар жас жігіт, шаң басқан архивтерге, кітапханаларға барып ізденеді. Және бірден анасы ауыл Т. Қалмағамбетовты зерттей бастайды. Туып-өскен жері Ұлытау, Қарсақбай, нағашыларының жері Көкшетау өңірлерін аралап әндерін сұрастырып, таба бастайды. Оның ішіндегі бір ерекшелігі, Тайжекеңнің ағасының немере қызы Шаһбал апа ыңылдап айтып жүреді екен. Тайжекеңнің серілік дәуренінде Шаһбал апа 13-14-тегі қыз бала болса керек. «Тайжекеңнің ән-жырларын айтқан адам құриды» деген сөз санасына жатталып қалса керек. Тіс жармай, іштен тынып әндерін жария айтпайды екен. Бір барғанда мына галстүктегі жігіт үлкен жақтың тыңшысы ма дегендей қабақ танытып, жақ ашпай шығарып салады. Әндерін айтқыза алмай қиналып жүргенде, баласы қоңырау соғып: «Ал, келе қалыңыз, апам бүгін көңілді» деп Ғалымды үйіне шақырады. Әйтеуір екі-үш барып, әзер дегенде 6-7 әнін, ол кезде басып алатын құрал да жоқ, сол қоярда қоймай айтқызып, құйма құлақ домбыраға салып, үйреніп алады.

Жігіт ағасы Ғалым 1993 жылдары бұрынғы Жезқазған музыкалық училищесіне домбырамен ән салу мамандығы бойынша Ж. Елебеков ұстазының дәстүрін насихаттап, жалғастыру мақсатында «Халық әні» класын ашып, дәріс бере бастайды. Кейінгі ұрпаққа салт-дәстүрімізді, ән-ғұмырын үйретіп, міне, бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Аманатқа қиянат жасамай Тайжекеңнің біраз әндерінің түпнұсқасын тауып, кейінгі ұрпаққа сол қалпында жеткізе білді. 13-15 шақты әндерін 2011 жылы қазақ музыкасының алтын қорына енгізді. 2013 жылы «Жезкіік», «Алтын кесе» күйтабағы жарық көрді. Ел аралап, ән іздеп тауып, жарыққа, кейінгі ұрпаққа жаңғырта жеткізу өнері орасан зор. Соның ішінде С. Сейфуллиннің «Бабаларыма», «Әуілдек», «Көкшетау», «Естайдың соңғы әні», «Ертөлеудің әні», «Қос апаның әні», «Ақ шашақ», «Алтын кесе», «Бір торы ат», «Бір қара ат», «Жалғыз жусан», «Көк айдай», «Құл», «Мәшина», «Шама», «Сұңқарым-ай» «Утай-ай», т.б. әндері.

Галекеңнің ән салу тембрі, мәнері ешкімге ұқсамайды. Ол кісі ән салғанда бірден «Пах, шіркін, Галекеңнің дауысы ма?» деп тамсанып тыңдайсың. Ептеп әуесқойлық сазгерлігі де бар. С. Нәженовтың «Сарыарқа», М. Әбіловтың «Ұлытауым-ұларым», Б. Әлеухановтың «Шоң», Кетбұқаның сөзіне жазылған «Сақ болғын» әндері ел ішінде айтылып жүр.

Дара, дана Абай айтқандай «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға демекші» ұстаздық жолы бір бөлек. Шәкірттері өсіп-өніп, еліміздің әр түпкірінде, әр салада үлестерін қосып келеді. Ұстаздың жолын қуғаны бар, өз жолын тапқаны бар ұстазға деген ризашылықтары орасан зор. Ұстазының, жолын қуған, өнер саласындағы шәкірттері Қазақстанымыздың түпкір-түпкірінде, ел ішінде қызметтерін жасап жатқан жағдайлары бар. Дәрігүл Алдажанова – Сәтбаев қаласында өнер мектебінің ұстазы. Айман Бірімжанова – Жезқазған қаласында №10 мектептің музыка пәнінің мұғалімі. Қарлығаш Байдалинова – Серке Қожамқұлов атындағы театрдың актрисасы. Райхан Иіпбергенова – Сәтбаев қаласының өнер мектебінде ұстаз. Мақпал Сейтқамалова – әнші, Жаңаарқа ауданында мәдени сауық орталығының әдістемелік бөлімінің меңгерушісі. Ардақ Мұқышев – Т. Қалмағамбетов атындағы

филармонияның дәстүрлі әншісі, музыкалық колледжде ұстаз. Аманкелді Күзеубаев – Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияның «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі, доцент, PhD-докторы. Аманкелді Қожағұратов – Нұр-Сұлтан қаласында өнер мектебінде ұстаз. Өнерде жүрген шәкірті, әнші, Жалын Көпбосынов – Ш. Ералиев ауылы мәдениет үйінің меңгерушісі. Көптеген шәкірттер тәрбиелеуде. Шәкірті, айтыскер ақын, әнші, Жанбол Көпбосынов Ш. Ералиев ауылының әкімі. Жақсылық Ахметов Қарағанды қаласында 2-музыкалық мектепте ұстаз. Еркәнат Қошанов – Жаңаарқа ауданында музыкалық өнер мектебінде ұстаз. Бейімбет Сарымсақов – Жаңаарқа ауданының мәдени-сауық орталығының белді дәстүрлі әншісі, ұстаз. Еркебұлан Ахметов – Шет ауданында мәдениет үйінің белді дәстүрлі әншісі. Сол шәкірттерінің ішіндегі бір шәкірті дәстүрлі әнші ҚР Мәдениет қайраткері Жалын Айтбекулы Сыздықов. Ақсақал Галекең ұстазға рухани шәкірттің десем де болады. Галекеңнің туған ағасы, тума талант, күміс көмей, жез тандай әнші Сенбі (Қарақойшы) ағаның төл шәкіртімін. Алдында да Галекеңнің әндеріне сусап, тыңдап, үйреніп өстік қой. Тірі кезінде Қақам (Сенбі) ұстазымын айттып жүретін. «Әй, Ғалым осы Жалынды байқап, білмегенім үйретіп, шыңда» деп аманаттап кеткен. Мен конкурстардан қалмайтынмын, қандай деңгейде болса да. «Ұстазым Қақам ауылда тілеуімді тілеп, тақымын қысып, дөңбекшіп жата алмауы еді» деп күлдіріп отыратын бәйбішесі Тұрсын тәтем. Мен келгенде алдымнан жас балаша мағұрланып «Әй, не істеп келдің?» деп қасқайып тұрушы еді. Өзі бойшаң болатын марқұм. Мен қуанышты хабармен, жүлдемен келетінмін. Қайтеміз, көнеміз 58-ақ жасында о, дүниелік болып кетті. Бір әттеген-айы біраз әндерін ала алмай қалдық. Алтын қорда 13-тей әні қалды, оған да тәубә етеміз. Содан біраз жетімсіреп жүрген кезде, Галекең: «әй, Жалын, жасыма, әлі талай ән шығарамыз» деп еңсемді көтеріп, Тайжекеңнің айтылмаған әндерін нұсқап, қазір Аллаға шүкір!, Тайжан әндерін Галекең ұстазбен бірге шырқап келеміз.

Міне, бүгінде ақсақал Галекең зейнеткерлік жаста болса да, әлі жас шәкірттерге сабақ беріп, тәлім тәрбиесін аянап беріп келеді. Онымен қатар сый-сыяпаттан да кенде емес. «ҚР еңбегі сіңген әртісі», Жаңаарқа ауданы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Тұңғыш президентіміздің Алғыс хаты, Құрмет грамотасы. т.б. сый-құрметтермен марапатталған. Галекең мен жетеміз Әлия тәтеміздің жанұясында, бір ұл, екі қыз. Ұлын – ұяға, қызын қияға қондырған ұлағатты жанұя. Жетеміз Әлия тәте, ағамызбен бір сахнада. Бірі ән салып, бірі бағдарлама жүргізіп ерлі-зайыпты жұптаса жүріп, көрермендердің ықласына бөленді. Қаншама шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Өнерге деген еңбегі орасан зор. Бүгінде Әлия жетеміз зейнеткерлікке шығып, немерелерінің қасында. Ұлы Зухраб, келіні Гүлбаршын үш баласы бар, Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Қызы Эльвира, күйеу баласы Нұрлан үш баласымен Жезқазған қаласында тұрады. Кенже қызы Жанерке, күйеу бала Мадияр екі бала тәрбиелеп Қарағанды қаласында тұрып жатыр.

Міне, биыл ақсақал ұстаз 70-ке толды. Барша халықтың тілеуі бір ғой. Алла тағаладан, ұстазымызға, зор денсаулық, қажымас қайрат, жанұясына бақыт тілеймін. Елімен, халқымен бірге, әнін қалықтатып, шарықтай берсін демекпін!...

Жалын СЫЗДЫҚОВ
шәкірті,
ҚР мәдениет қайраткері.

САУАТТЫ ЖАРНАМА – ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ

Қазіргі таңда адам баласы үшін ақпарат алудың жолы көп. Әлеуметтік желілер, БАҚ және түрлі формадағы жарнама құралдары арқылы азаматтардың санасына қажетті де қажетсіз ақпараттар сіңірілуде. Оның ішінде жарнаманың орны айрықша.

Жарнама адамға көру және есту жолдары арқылы әсер етеді. Жалпы жарнама жасау, тарату, оларды орналастыру мәселесі Қазақстан Республикасы «Жарнама туралы» Заңымен реттеледі. Заңның негізгі мақсаты – жөнсіз жарнамаға жол бермеу және оларға тыйым салу. Қазақстан Республикасының аумағында жарнама мемлекеттік тілде және орыс тілінде таратылатындықтан, жарнама мазмұнының бір тілден екінші тілге аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауы тиіс.

Дегенмен, бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар тіпті баға көрсеткіштері де көп жерлерде мемлекеттік тіл де емес, өкінішке орай тек орыс тілінде ғана көрсетіліп, тіпті кей

жерлерде ағылшын тілінде жазылып, өзіміздің төл тіліміз көлеңкеде қалып қойып жатқан жағдайлар бар. Сауатсыз жазылған жарнамалар, жүйесіз жазылған сөйлемдер, қала көшелеріндегі қате жарнамалардан көз сүрінеді. Мағынасыз аудармалар, әріптік кателер мен оңды-солды қойылған тыныс белгілері. Бұның бәрі, алдымен өз тілін шала білетін, тілге деген құрметі жоқ жандардың кесірінен болып отырған дүние.

Аударма сөздердің дұрыс аударылмай жазылуы да (кітаптарда, көшедегі жарнамаларда, кәсіптік нысандарда) соны жазған адамдардың тілдерінде сөздік қорының жоқтығынан, қазақ тілінің дыбыс үндестігін білмеуінен туындауда.

«Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнегесі, нағыз белгісі» деп, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, тіл тазалығын сақтау – тіліміздің аясын кеңейтіп, оны әрі қарай дамытудың басты шарттарының бірі болмақ.

Жарнама – көпшілікті тәрбиелейтін тәрбие құралы. Тіл мен діл, ұлт пен ұлағат, дәстүр мен салттың болмысы мен ерекшелігін ескерген жарнама ғана тіл заңдылығы талабынан шыға алады.

Олай болса, жарнама берушілер мен халыққа қызметін ұсынушылар жарнаманы барынша көркем етіп, ұлттық құндылығымызға сай келетіндей етіп тәрбие мен насихат құралына айналдырса, нұр үстіне нұр болар еді!

Қ. САДУОВА.

«ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ!»

Текті қазақ халқы бала тәрбиесіне баса назар аударған. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне қатты мән берген. Яғни, қашан да баласының рухани жағынан бай болуына көп көңіл бөлген. Қазақ халқында «Балаңды өз тәрбиесінен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл сөзі бар. Расында, бала кішкентайынан бастап бойына адалдық, мейірімділік, адамгершілік, әділдік сияқты бар ізгі қасиеттерді сіңіруде берілген тәрбиенің маңызы өте зор және бұл қазақ халқының бойында бар қасиеттер.

Бүгінде ата-анасынан тапқан-таянғанын оңды солды шашып, зиянын тартатын жастарымызға қарап қатты қынжыласың. Әсіресе, егемен елдің тірегін дүниеге әкелетін нәзік жандыларға тіптен жарасымсыз! Қыз абыройы – болашақ отбасының, босағаның беріктігіне қағысты. Бабаларымыз «қызды қырық үйден тый, қала берді қара күннен тый» деген екен. Осылайша, қыз баланың тәлім-тәрбиесіне ерекше мән беріп, салмақты міндет жүктеген. Шет елге еліктеп ашық-шашық киінуі, қақаған қыста жан емес сон қымбаттырақ болған аруларымыздың өз болашағына балта шабуының бастауы осыдан басталары сөзсіз. Өткенге үңілесек, қазақ жі-



гіттері қолына найза алып, ел үшін, жер үшін жауға шапқан. Қазіргі жігіттердің бәрі бірдей болмаса да, арасында батысқа еліктеп жүргендері аз емес. Бүгінгі таңда ер мен әйелді ажырата

алмайтын жағдайға жеттік. Құлақтарында сырға, қолдарында сақина. Қазақ тарихында болмаған бұл көрініске қарап ішің ашиды.

«Ел болам десен, бесігіңді түзе» деп бекер айтпағанды

дана халқымыз. Міне, қазіргі қоғамның алдында тұрған мәселенің бірі – бүгінгі жас жеткіншектің бойына бәсекеге қабілетті құндылықты қалыптастырып, дамытуға айрықша көңіл бөлуі қажет. Бұл құндылықтардың басты көзі тек халықтық тәрбие беру тәсілдерінде екені рас. Ұлтымызбен бірге жасап келе жатқан мұраларымыздың құндылығына ешкім дау айта алмасы анық. Адам баласы қоғамда адалдығымен, адамгершілігімен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі адамдар өзгерген мына қоғамда кешегі кеменгерліктің күзесі болған ата-әжелеріміздің тағылымын бойына сіңірген ұрпақты қаншалықты дәрежеде көреміз? Ұлтымыздың туын желбіретер ұлағатты ұлдарымыз бен қылықты қыздарымыз бар ма?! Міне, осы сұрақ маңызды! Көпке топырақ шашпағанымен, бір құмалақтың бір қарын майды шірітетіні де ақиқат емес пе?

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.

ҚОҚЫС ЖӘШІГІ «БЕСІК» ЕМЕС



Көзімді аштым, саулаған жаңбыр, бұлтты аспан, Жатырмын аяқ астында-жолда жұрт басқан. Суық бетонның ызғары тесіп кеудемді, Тұншықтым желге есінен әбден алжасқан.

Тоғыз ай бойы жатыр ем жылы құрсақта, Неге сырт тептін, кез болдым қалай бұл шаққа? Анам-ау күнін көрер едік қой Алланың Қара су, қара нанға да тәубе қылсақ та.

Халқымыздың тарихында сәбиді далаға қалдырған оқиға болған емес. Алайда БАҚ арқылы көріп отырғанымыздай бүгінгі таңда көкек аналар жаңа туған сәбилерін далаға, қоқыс жәшіктеріне, әжетханаға тастап кету жағдайлары көбейіп кетті.

Біз қазақ халқы бұндай жағдайларға қарсымыз. Әрбір адам бұл жайында естігенде жаны түршігіп, Алланы есіне алуы керек шығар деп ойлаймын. Жаңа туған нәрестені тастап кету – тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Не себепті бұлай айтып отырмын? Бұндай жағдайлар азаяды ма десем, керісінше көбеюде. Кейбіреуі балаларын тығылып тастап кетіп жатса, енді біреулері ел-жұрттың көзінше бір емес, 3 баласын тастап кетуде. Біріміз білсек, біріміз білмеспіз. Көрермен көзайымына айналған «Астарлы ақиқат» бағдарламасында туған анасы балаларынан бас тартқан болатын. Ішкілікке салынған ана тоғыз ай құрсағында көтерген перзенттерін өз қолымен өзгеге тапсырған болатын. Бұл тек мәселенің шеті ғана. Тағы бір жағдай, Қызылордада құтқарушылар әжетха-

надан өмірге келгеніне көп бола қоймаған шақалақтың өлі денесін алып шықты. Қазір өз баласын тастап кетуден бұрын, туған балаларын өлтіре салу да оңай болып кеткендей. Бірнеше жыл бұрын орын алған оқиғаны мысал ретінде айтып кетсем. 16 жастағы мектеп оқушысы көлікте босанып, трассада көлік терезесінен нәрестені лақтырып жібергенін естіген боларсыздар. Жақында орын алған тағы бір жаға ұстатарлық оқиға, үштөбелік келіншек екі жастағы туған баласын буындырып өлтіріп, денесін тоңазытқышқа салып қойған.

Енді осындай жағдайлардың шешімі ретінде баланы қоқысқа емес, «боксқа» тастауды ұсынууда...

Елімізде «Baby box» – тастанды сәбилерге арналған жәшік орнатылуы мүмкін. Арнайы жабдықталған қорап медициналық мекемелерге орнатылатын болады. Оның өзіндік шарттары да бар екен. Жәшікке салынған баланың денесінде ешбір зақым болмауы тиіс. Табылған жағдайда шараның анасы іздестіріледі. Ал егер дені сау, денесі сызғатсыз болса, сәби балалар үйіне жіберіледі. Бір қызығы жәшікті кез

келген жан аша алады. Бала салынған бойда ол құлыпталып, арнайы дабылқалқыш арқылы медицина мекемесіндегілерге хабар беріледі. Қысқасы, сәбін қорапқа салған ана ешқандай жауапкершілікке тартылмайды. Бірақ ондай жандарға кешіріммен қарауға бола ма? Онсыз да көкек аналардың қатары көбейіп жатқан заманда бала тастайтын жәшіктерді орнату арқылы бауыр еті баласынан бас тартатындар санын арттырып алмаймыз ба? Бәлкім жәшік орнатылса, қоқыс пен жертөлге тасталған сәбилер азайып, жарық дүниесі есігін ашқан бейқұн шараның қауіпсіздігін қамтамасыз етерміз? Бір шешімге табан тіреу қиын.

Мемлекет тарапынан бұндай жағдайларға әртүрлі шешімдер қарастырылуда. Дегенмен де көріп отырғандарыңыздай бұндай жағдайлар азаяр емес. Тек есте ұстарлығы, мемлекет қанша жерден тастанды баланы қамқорлығына алғанымен, ата-анасына керек болмаған бала бәрібір жетім атанары сөзсіз.

Нұрай МҰХАМЕДӨЛІҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ-2022



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы **(87778902258, Жаннұр Т.)** «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

«АО «Предприятие тепловодоснабжения», находящееся по адресу: г.Жезказган, улица Холмецкого, д.20, информирует потребителей о проведении слушаний отчета по итогам I полугодия 2022 г об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами, согласно п.6 ст.25 Закона РК «О естественных монополиях», по видам услуг:

- услуги по передаче и распределению тепловой энергии;
- услуги по подаче воды по распределительным сетям;
- услуги по отводу и очистке сточных вод;
- по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергии в поселке Геологический.

- услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая - питьевая вода);
- услуги по отводу и очистке сточных вод;
- по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергии в поселке Геологический.

В связи с введением ограничительных мероприятий слушания будут проведены **12 июля 2022 года в 15.00 часов в режиме онлайн-трансляции**, посредством социальной сети Facebook с официального аккаунта (**aoptvs_zhez**).

При отмене ограничительных мероприятий возможны корректировки с указанием места проведения.

АДМИНИСТРАЦИЯ.

СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНУЛЫ.

	1	2	3	4	5	6				
7					8				9	
		10								
11					12					
13	14	15		16	17			18	19	20
			21				22			
	23						24			
			25							
	26						27			
28	29			30	31	32		33	34	35
			36				37			
	38						39			
			40							
41							42			

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

7.Жаңа жылдағы басты кейіпкер. 8.Кініктің текесі. 10.Жұмыртқасы тауықтыкінен 10 есе үлкен құс. 12. Морфология маманы. 13.Төбелес, жанжал. 16.Өнеркәсіпшінің қалдығы. 18.Қарағанды облысындағы қала. 23.Бұтаққа қатқан мұз қабықша. 24.8 адамдық музыкалық топ. 25.Бидайдың сұрты. 26.Су қалтқысы, белгі. 27.Ресей суретшісі. 28.Шыбынның бір түрі. 30.Екатеринаның көңілдегі. 33.Физикалық термин. 38.Қазақстан өзені. 39.Қосымша ғылыми кітап. 40.Жыланның бір түрі. 41.Контурлық сурет. 42.Көкше көлінің бірі.

ТІГІНЕН:

1.Әскерге баратын жігіт. 2.С.Мұқанов романы кейіпкері. 3.Сезінудің бір түрі. 4.Журналистің еңбегі. 5.Қой сүтіне бал қосып жасалатын тағам. 6.Аяқтың үзенгілік бөлігі. 7.Қыз бала есімі. 9.Кермек жусанның бірі. 14.Құнбағыстың бір түрі. 15.Жол тауып кететін қу адам. 17.Математика белгісі. 19.Жаңаарқа ауданындағы елдімекен. 20.Солтүстік түлкісінің бірі. 21.Ел аралап жүретін әулие. 22.Тоқылған қамыстың аты. 28.Сүлейменов есімі. 29.Жаңаарқа ауданындағы елдімекен. 31.Өминаның Пайғамбарға екіқабат болған түні. 32.Зергерлік әдістің бірі. 34.Сыртқы киімнің бірі. 35.Н-дан басталатын ер есімі. 36.Скафандрдың авторы. 37.Көпшілік жуылатын орын.

ГАЗЕТТІҢ № 23 (8286) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗТҮСПАЛДЫҢ ЖАУАБЫ:

→ Аэрограф. Иран. Ра. Томылдырық. Сак. Итала. Өмілдірік. Маркер. «МММ». Сало. Мелек. Трап. Улы. Аза. Тейлор. Рейне. Тля. Тоят. Я. Нейрон.

↑ Аэростат. Тонькөк. Тары. Фарид. Айт. Диірмен. Рама. Мқртчян. СТ. Лазо. Кесте. Он. Ит. Елу. Қарқаралы. Таксопарк. Меруерт. Румыния. Мемлекет. До.

ДҮЙСЕНБІ 27 МАУСЫМ**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:10 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арта». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Бақытсыздар бағы». 22:20 «Жат мекен». 23:15 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alaň». 1:50 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 «Соседи 3». 7:00 «Оян!». 10:00 Мегахит. «Отель Мумбаи: Противостояние». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «31 бөлімше». 13:00 Новости.

СЕЙСЕНБІ 28 МАУСЫМ**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:10 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Деректі фильм. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Бақытсыздар бағы». 22:20 «Жат мекен». 23:15 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alaň». 1:50 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 «Соседи 4». 7:00 «Оян!» 10:00 Мегахит. «31 дия на убийство». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «31 бөлімше». 13:00 Новости. 13:10 «Көкжал».

СӘРСЕНБІ 29 МАУСЫМ**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:10 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:55 «Ауылдастар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Бақытсыздар бағы». 22:20 «Жат мекен». 23:15 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alaň». 1:50 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 «Соседи 4». 7:00 «Оян!» 10:00 Мегахит. «Тихое место» 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «31 бөлімше». 13:00 Новости. 13:10 «Көкжал».

БЕЙСЕНБІ 30 МАУСЫМ**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:10 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жан жылыу». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Бақытсыздар бағы». 22:20 «Жат мекен». 23:15 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alaň». 1:50 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 «Соседи 5». 7:00 «Оян!» 10:00 Мегахит. «Убить Билла 1». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «31 бөлімше». 13:00 Новости. 13:10 «Көкжал». 15:00

13:10 «Пауза. Сақураның гүлдеуі». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Соседи 4». 18:00 Мегахит. «3 дия на убийство». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Келінжан». 22:30 «Көкжал». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Астана кеші көңілді». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Осторожно, корова!!!» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Есіктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Ой мен ойын». 02:45 «SararTimes». 03:40 «Astana times».

15:00 «Большая неделя».16:00 «Соседи 4». 18:00 Мегахит. «Тихое место». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Бір туынды тарихы». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Келінжан». 22:30 «Көкжал». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кеш келген махаббат». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Ду-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Есіктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кеш келген махаббат». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Ой мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

15:00 «Бүгін». 16:00 «Соседи 5». 18:00 Мегахит. «Убить Билла 1». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Келінжан». 22:30 «Не Хабар?». 23:30 «Көкжал». 0:15 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кеш келген махаббат». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Ду-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Есіктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кеш келген махаббат». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Ой мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

«Большая неделя». 16:00 «Соседи 5». 18:00 Мегахит. «Убить Билла 2» 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Келінжан». 22:30 «Көкжал». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кеш келген махаббат». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Ду-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Есіктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кеш келген махаббат». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Ой мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Сен мықтысың,

ЖҮМА 1 ШІЛДЕ**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:10 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Мұра». Д/ф. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Aqparat. 17:15 Деректі фильм. 17:35 «Көңіл толқыны». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Бақытсыздар бағы». 22:20 «Жат мекен». 23:15 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidan». 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq alaň».2:00 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 «Соседи 5». 7:00 «Оян!» 10:00 Мегахит. «Убить Билла 2». 12:00 Жаңалықтар. 12:10

СЕНБІ 2 ШІЛДЕ**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Көңіл толқыны». 8:05 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:50 «Күміс көмей». 9:30 «Әйел әлемі». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Ән мен әнші». 16:00«Биші қыз». М/ф. 17:25 «Күй-керуен». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:35 «Жат мекен». 23:05 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 23:30 «Жат мекен». 23:50 «Көңілді тапқырлар алаңы». 1:20 Aqparat. 1:40 «Másele». 2:20 «Жәдігер».

ЖЕКСЕНБІ 3 ШІЛДЕ**QAZAQSTAN****ҮЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 6:45 «Мұра». Д/ф. 7:05 «Ақсауыт». 8:25 «Зинһар». 9:10 «Әнер мен жылдар». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:10 «Биші қыз». М/ф. 15:35 «Құс қанат ғұмыр». Мейрамбек Бесбаевтың концерті. 17:25 «Әйел әлемі». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арта». 21:00 «Жас домбыра». (Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік кеш). 23:00 «Жат мекен». 0:00 «Әзіл әлемі». 1:00 «Арта». 1:50 «Ақсауыт». 2:15 «Күй-керуен». 2:45 «Жәдігер».

«Большая неделя». 16:00 «Соседи 5». 18:00 Мегахит. «Убить Билла 2» 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Келінжан». 22:30 «Көкжал». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кеш келген махаббат». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Ду-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Есіктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кеш келген махаббат». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Ой мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Сен мықтысың,

«Мезгілсіз махаббат». 13:00 Новости. 13:10 «Көкжал». 15:00 «Бүгін». 16:00 «В чужом краю». 18:00 Мегахит. «Нечто». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Келінжан». 22:30 «Көкжал». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кеш келген махаббат». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Астана кеші көңілді». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Ду-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Гламур для дур» Х/ф. 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Кеш келген махаббат». 01:00 «Ене». 02:00 «Ой мен ойын». 02:45 «Астана кеші көңілді». 03:40 «Astana times».

ХАБАР

5:00 «В чужом краю». 7:00 Т/х марафоны. «Өз үйім». 8:45 «Өзін-өзі тану». 9:00 Тарих. Тағдыр. Тұлға. 10:00 «Tangy fresh». 10:30 «Ән әлемі». 11:00 Кино. «Шал». 12:45 Т/х марафоны. «Келінжан». 16:00 «В чужом краю». 18:00 Мегахит. «Расправа». 20:00 «7 күн». 21:00 «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу». 22:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кеш келген махаббат». 11:20 Каракал Әбдиннаның әндері «Жеті ән». 13:00 «Есіктер». 15:00 «Шымкент». 18:50«Azil Keshi». 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Кеш келген махаббат». 23:35 «Қағаз ке-

ХАБАР

5:00 «В чужом краю». 7:00 Т/х марафоны. «Өз үйім». 9:00 Концерт. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі. 11:00 Кино. «Шал». 12:45 Т/х марафоны. «Келінжан». 16:00 «В чужом краю». 18:00 «Өмір жолы». Нұрғиса Тілешдiнiң. 18:45 Концерт. «Жүрегім менің» Нұрғиса Тiлешдiнiң 90 жылдығына арналған мерекелік кеш. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Т/х марафоны. «Көкжал».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кеш келген махаббат». 11:20 «Айнұрдың арманы». 14:00 «Алдараспан». 18:20 «Я пышка» Х/ф. 20:00 «SararTimes». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Кеш келген махаббат». 23:35

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан». 07.30 «Сен мықтысың, тек алға», қытай т/х. 08.15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 09.30 «Қиын шак», отандық т/х. 10.30 «Юморина». 12.30 «Было дело». 13.50 «Аға», драма. 15.30 «Меч», детектив. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Большое небо», мелодрама. 23.40 «На глубине». 01.20 «Тайны и ложь». 02.10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.10 Кешкі жаңалықтар. 03.40-04.20 «КТК» қоржынынан".

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Гүдия». 09:00 Шоу «Маска». 10:50 Х/с «Случайный кадр». 13:00 Ток-шоу «SanTarat». 14:00 «Зын-зын Күлпәш». 15:00 «Қанатсыз құстар». 16:00 «Га-

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Сен мықтысың, тек алға», қытай т/х. 08.15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 09.30 «Қиын шак», отандық т/х. 10.30 «Было дело». 11.30 «На глубине». 13.20 «Большое небо», мелодрама. 15.30 «Меч». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Большое небо», мелодрама. 23.40 «На глубине». 01.20 «Тайны и ложь». 02.10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.10 Кешкі жаңалықтар. 03.40-04.20 «КТК» қоржынынан".

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Гүдия». 09:00 Шоу «Маска». 10:50 Х/с «Случайный кадр». 13:00 Ток-шоу «SanTarat». 14:00 «Зын-зын Күлпәш». 15:00 «Қанатсыз құстар». 16:00 «Гадал-

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Сен мықтысың, тек алға», қытай т/х. 08.15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 09.30 «Қиын шак», отандық т/х. 10.30 «Было дело». 11.30 «На глубине». 13.20 «Большое небо», мелодрама. 15.30 «Меч». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Никогда не сдавайся», мелодрама. 23.30 «На глубине». 01.10 «Тайны и ложь». 02.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.00 Кешкі жаңалықтар. 03.30-04.20 «КТК» қоржынынан".

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Гүдия». 09:00 Шоу «Маска». 10:50 Х/с «Временно недоступен». 13:00 Ток-шоу «SanTarat». 14:00 «Зын-зын Күлпәш». 15:00 «Қанатсыз құстар». 16:00 «Гадалка». 16:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Времен-

но недоступен». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:30 «Аяла мені». 23:30 «Q-елі». 00:00 Шоу «Маска». 02:30 «ИП Пирогова». 02:00 «Гадалка». 03:00 Оян, Qazaqstan Music. 03:30 «Тамаша».04:30 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Гүдия». 09:00 Шоу «Маска». 10:50 Х/с «Временно недоступен». 13:00 Ток-шоу «SanTarat». 14:00 «Зын-зын Күлпәш». 15:00 «Қанатсыз құстар». 16:00 «Гадалка». 16:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Временно недоступен». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:30 «Аяла мені». 23:30 «Q-елі». 00:00 Шоу «Маска».

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Сен мықтысың, тек алға», қытай т/х. 08.15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 09.30 «Қиын шак», отандық т/х. 10.30 «На глубине». 12.20 «Никогда не сдавайся». 14.20 «Көрінкел». 16.15 «Өгей ана», өзбек т/х. 17.50 «Жаня», отандық к/ф. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «*ТКWeb». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Успеть все исправить», мелодрама. 01.10 «Меч».02.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.00 Кешкі жаңалықтар. 03.30-04.20 «КТК» қоржынынан".

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Гүдия». 09:00 Шоу «Маска». 10:50 Х/с «Временно недоступен». 13:00 Ток-шоу «SanTarat». 14:00 «Зын-зын Күлпәш». 15:00 «Қанатсыз құстар». 16:00 «Гадалка». 16:30 Х/с «Женский доктор». 18:30

мек. 01:35 «Биші қыз» Х/ф.

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан». 07.30 «Үлкен үй», т/х. 08.10 «Көңілді отбасы». 09.00 «КТКweb». 09.30 «Следствием установлено». 11.00 «Успеть все исправить», криминальная драма. 14.50 «Жүрегімдесің сен!», өзбек фильм. 16.30 «Қанішерлер ойыны», өзбек фильм. 18.00 «Махаббат қаласы», Ернар Айдардың ән-шашуы. 21.00 «Оледсит», мелодрама. 00.50 «Меч», детектив. 02.20 «Жүрегімдесің сен!», өзбек фильм. 03.40-04.30 «КТК» қоржынынан".

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Құтты қоңақ». 07:30 Ән әлемі. 09:30 «Орёл и решка». 10:30 Х/с «Алиса

«Гламур для дур» Х/ф. 01:10 «Өрмек». 03:10 «Azil Keshi».

КТК

07.05 «Мерекелік концерт». 07.30 «Жүрегім сен келпелі бақытты». 09.20 «Юморина». 11.20 «Оледсит», мелодрама. 15.00 «Сен үшін жаралғандаймын», өзбек фильм. 16.50 «Үйганыс жұлдыз», өзбек фильм. 18.20 «Уақыт», Токтар мен Бейбіттің ән шашуы. 21.00 «Почти вся правда», мелодрама. 00.40 «Меч». 02.20 «Сен үшін жаралғандаймын», өзбек фильм. 03.50-04.20 «Мерекелік концерт».</

«ҰЛТ ҰЯСЫ – ҰЛЫТАУ» ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ



Іс-шара атауы	Жұлде қоры
«ҚАЗАҚША КҮРЕС» 2000-2004 жылғы жастар арасында 60 кг салмақ	1 орын – 150 мың 2 орын – 100 мың 3 орын – 50 мың 3 орын – 50 мың
«ЖЕЛКЕ ТАРТЫС»	1 орын – 30 мың 2 орын – 20 мың 3 орын – 10 мың
«АРҚАН ТАРТЫС»	1 орын – 100 мың 2 орын – 70 мың 3 орын – 50 мың
«ҚОШҚАР КӨТЕРУ»	1 орын – Қошқар 2 орын – 50 мың 3 орын – 30 мың

Іс-шара атауы	Жұлде қоры
«ТҮЙЕ ПАЛУАН»	1 орын – 500 мың 2 орын – 300 мың 3 орын – 150 мың 3 орын – 150 мың
«АУДАРЫСПАҚ»	1 орын – 100 мың 2 орын – 70 мың 3 орын – 50 мың
«ТАЙ ЖАРЫС»	1 орын – 1 тай + 100 мың 2 орын – 200 мың 3 орын – 150 мың 4 орын – 100 мың 5 орын – 50 мың

Іс-шара атауы	Жұлде қоры
«ҚҰНАН ЖАРЫС»	1 орын – 1 бие + 200 мың 2 орын – 500 мың 3 орын – 300 мың 4 орын – 200 мың 5 орын – 100 мың
«АЛАМАН БӨЙГЕ»	1 орын – 2 млн 2 орын – 1 млн 3 орын – 700 мың 4 орын – 300 мың 5 орын – 200 мың
БАРЛЫҒЫ: 1 бие, 1 тай, 1 қошқар және қаржылай 8 130 000 теңге	



Іс-шара атауы	Жұлде иегерлері	Аудан, қала, облыс атауы
«ҚАЗАҚША КҮРЕС» 2000-2004 жылғы жастар арасында 60 кг салмақ	1 орын – Ізтілеуов Еламан	Ұлытау селосы
	2 орын – Бақытов Досым	Сарысу селосы
	3 орын – Мырзабек Нұржан	Ұлытау селосы
	3 орын – Әбілқасов Нұржан	Жеңіс ауылы
«ЖЕЛКЕ ТАРТЫС»	1 орын – Сайлаубаев Досбол	Ақтүбек ауылы
	2 орын – Саматов Олжас	Қостанай облысы
	3 орын – Нұрбергенов Бекнияз	Сәтбаев қаласы
«АРҚАН ТАРТЫС»	1 орын – Жезқазған серілері	Жезқазған қаласы
	2 орын – Өрт сөндіру ұжымы	Сәтбаев қаласы
	3 орын – Амангелді ауданы	Қостанай облысы
«ҚОШҚАР КӨТЕРУ»	1 орын – Еренғайыпов Қылыш	Қаражал қаласы
	2 орын – Торбаев Олжас	Қарағанды қаласы
	3 орын – Ханафин Рахат	Жәйрем кенті
«ТҮЙЕ ПАЛУАН»	1 орын – Барменов Асыл	Жаңаарқа ауданы
	2 орын – Ғалымов Айдос	Жаңаарқа ауданы
	3 орын – Мақажанов Алмас	Жаңаарқа ауданы
	3 орын – Оралов Ақжігіт	Қарағанды қаласы
«АУДАРЫСПАҚ»	1 орын – Советов Фархат	Шет ауданы
	2 орын – Мақажанов Жарқын	Түгіскен ауылы
	3 орын – Әлтай Бердіқұл	Ұлытау ауданы
«ТАЙ ЖАРЫС»	1 орын – Турбеков Ерлан	Жәйрем ауылы
	2 орын – Рүстембеков Мейрам	Шет ауданы
	3 орын – Налибаев Ержан	Ұлытау ауданы
	4 орын – Мұхат Шахмұрат	Жаңаарқа ауданы
	5 орын – Көшербай Қаныш	Ұлытау ауданы
«ҚҰНАН ЖАРЫС»	1 орын – Көпбаев Қайрат	Жаңаарқа ауданы
	2 орын – Буралхин Дархан	Ұлытау ауданы
	3 орын – Алтай Омар	Шет ауданы
	4 орын – Сметов Хасен	Шет ауданы
«АЛАМАН БӨЙГЕ»	5 орын – Бегаев Марғұлан	Ұлытау селосы
	1 орын – Басшов Джамал	Қарқаралы ауданы
	2 орын – Маханов Қайрат	Алматы облысы
	3 орын – Мауытов Айтжан	Шет ауданы
	4 орын – Қожахметов Қанат	Шет ауданы
5 орын – Садуақасов Жұмабай	Шет ауданы	

«ҰЛТ ҰЯСЫ – ҰЛЫТАУ» ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНА ІРІ КӨЛЕМДЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖАСАҒАНДАР

Аты-жөні
Балабиев Еркебұлан Орынұлы
Байболов Дәурен Ыбырахымұлы
Бимағамбетов Алмас Қайратұлы
Бектемисов Асқар Сейсенұлы
Сыздықов Сұңғат Жездібекұлы
Бөрібаев Ерлан
Жараспаев Ерболат Көпешұлы

Аты-жөні
Ахметов Ернар
Кульшарипов Қарғабай
Оразалин Марат Төлеуұлы
Қазанғапов Болатбек Орынбекұлы
Қуаныш Айтөре Бауыржанұлы
Молдашов Марғұлан Есболұлы
Кикбаев Жалғас

Аты-жөні
Бекетаев Бағдат Әліпбекұлы
Бекмағамбетов Марат
Буралхин Сәкен Далханұлы
Шаяхметов Бейбіт Шаяхметұлы
Баймышев Самат
Тәттікенов Қанат Қайроллаұлы
Абишев Нұрсұлтан

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базасына үн қатпағандарға әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басу үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!



Whatsapp 8(701)-118-88-08

Газет уақытылы жеткізілмесе, осы нөмірге хабарласуларыңызды сұраймыз 8 777 890 22 58